МИРАС

Халық қазынасының хатшысы

3

КӨМБЕ

Құм астындағы құпия

4

ҚОҒАМ

Ашықтық пен қоғамдық бақылау

5

МӘСЕЛЕ

Батутта секірген бала мәз

6

Сыр бойы

90 жыл

№117 (19795)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет

1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboyi.kz/ https://twitter.com/syrboyi www.instagram.com/syrboyikz

8 тамыз /БЕЙСЕНБІ / 2019 жыл

БИЛІК

Биотехнология орталығы жұмысымен таныстық

ҚР Премьер-Министрі Асқар Мамин Нұр-Сұлтан қаласында Ұлттық биотехнология орталығына барды. «Онда қазақстандық ғылымның дамуымен, ғылыми-техникалық бағдарламалар мен қолданбалы жобаларды әзірлеумен таныстық», деп хабарлайды primeminister.kz сайты.

ҚР Үкіметінің басшысы орталықтың медицина, ауыл шаруашылығы, экологиялық биотехнология, азық-түлік және өңдеу өнеркәсібі салаларындағы перспективалық әзірлемелері, сондай-ақ, оларды еліміздің экономикасына одан әрі енгізу мүмкіндіктері ұсынылған зертханалық блокты тексерді.

Қаламгерлер аллеясы

Елорданың Сарыарқа ауданында орналасқан аллеяны «Қаламгерлер аллеясы» деп атау ұсынылды. Аллея «Жастар» сарайынан Қ.Қуанышбаев атындағы қазақ драма театрына дейінгі аумақты алып жатыр. Бұл бастаманы Жазушылар одағы мен бірқатар зиялы қауым өкілдері қолдап отыр. Өйткені аталған орын – Абай ескерткішіне, Абай даңғылына, С.Сейфуллин мұражайына жақын орналасқан, халық ең жиі аралайтын орындардың бірі.

Нұр-Сұлтан қаласының «Сарыарқа» ауданындағы атауы жоқ аллеяға «Қаламгерлер аллеясы» атауын беру туралы ұсынысты қалалық мәслихаттың тұрақты комиссия мүшелері бірауыздан қолдады.

КӘСІБИ МЕРЕКЕ

СЫР БОЙЫ ҚҰРЫЛЫСШЫЛАРЫНЫҢ ҚОЛТАҢБАСЫ АЙҚЫН

Құрылысшылардың еңбек іздері мыңдаған тұрғын үйлер мен қызмет көрсету ғимараттарында, мектептер мен балабақша, ауруханалар мен емханаларда, мыңдаған шақырым жолдарда сайрап жатыр. Ел қуанышына айналған ғажайып кешендер мен көкпен таласқан көрікті үйлердің көптеп салынуына қыстың суығы мен жаздың аптап ыстығында тер төгіп жатқан құрыш қолды құрылысшылардың сіңірген еңбегі ерен. Олар білікті, іскер де қабілетті маман ретінде елдің әлеуметтік-экономикалық деңгейінің өсуіне айтарлықтай үлес қосуда.

Биыл Сыр құрылысшылары төл мерекелерін толымды жетістіктермен, оң көрсеткіштермен атап өткелі отыр. Себебі, облыстың құрылыс саласының құрылғанына 75 жыл! Мерейлі мереке қарсаңында газет тілшісі облыстық құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасының басшысы Мұхамедиса Әлсеріковпен сұхбаттасқан еді.

2-бет.

Сырбойылық өнерпаздар алдағы аптада Өзбекстанға сапарлатпақ. Бірнеше шығармашылық ұжымның гастрольдік туры осы елдегі Қазақстан жылы аясында ұйымдастырылып отыр. Олардың қатарында Тұрмағамбет атындағы халық аспаптар оркестрі, «Томирис» би ансамблі, облыстық филармонияның әншіжыршылары – барлығы 80-ге жуық адам бар.

Назерке САНИЯЗОВА.

Өнер ұжымы Өзбекстанға барады

– Өнер шеберлерінің концерті 14 тамыз күні Науаи қаласындағы «Фархад» мәдениет үйінде өтеді. Гастрольдік сапар Күнсұлу Түрікпен, Марат Сүгірбай, Әділхан Қуаңбай, Нұртілек Ақтаев, Амандық Жаппарбердиев, Бейсенбек Төлеубай секілді дәстүрлі орындаушылардың этноэкспедициясымен жалғасады. Олар 15, 16, 17 тамыз күндері қазақтар көп шоғырланған Кенимех, Тамды және Үшқұдық елді мекендерінде болып, қандастарымызды жырмен сусындатпақ, – дейді облыстық филармония директоры Талғат Мақашов.

Жергілікті шығармашылық ұжым Өзбекстанның астанасы мен оған жақын өңірлерде бұған дейін де бірнеше рет болған. Ал бұл жолы шалғай елді мекендерге қазақ диаспораларының шақыруымен барғалы отыр. Өнерпаздардың кәсіби деңгейінің жоғарылауына, тәжірибе алмасуына мүмкіндік беретін мұндай гастрольдік сапарлар географиясы соңғы жылдары кеңейе түскені рас. Былтырдың өзінде Ресей, Ұлыбритания, Түркия, Біріккен Араб Әмірліктерінде ән мен жырдан шашу шашып, көрермен көзайымына айналып үлгерді. Филармония басшысы өнердің өрістеп, рухани керуен көшінің алға жылжуында аймақ басшылығының қолдауы айрықша екенін атап өтті.

КӘСІП ПЕН НӘСІП

«Шағын ательені тігін фабрикасына айналдырғым келеді»

Шиелілік кәсіпкер Тоғжан Мұсаева – ісмерлікті іскерлікке айналдыра білген жан. Мамандығы мұғалім болғанымен, жүрек қалауы тігіншілікті таңдап, тәуекелге бел буған ол сол кезде есімі елге белгілі кәсіпкер болам деп ойламаса керек.

Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА.

Кішкентайынан анасының жанында отырып, ине ұстауды үйреніп, қолы қалт ете қалса, қиып, пішіп, тігуге құмар болды. Замандастарымен бірге оқу орнына түсіп, мұғалім екендігін растайтын дипломды алса да, мектепке бармады. Бар арманы – тігінші болу. Алған бетінен қайтпаған Тоғжан өзі сүйген мамандықтың иесі атанды. Еңбек жолын облыс орталығындағы «Сыр аруы» ательесінде бастаған ол шеберлер ортасынан тігіншіліктің қыр-сырын меңгеріп шықты.

Ойлана келе, 2015 жылы туған жерінде кәсіпке алғашқы қадамын жасайды. Ел ішінде «тігінші Тоғжан» атанса, кейіннен «Тоғжан» ательесі танымалдылыққа ие болды. Ең әуелі бір-екі тігін машинасымен бастаған жұмысы уақыт өте келе аудандағы сұранысқа ие орталыққа айналып, 10 адамды жұмыспен қамтыды. Сұраныс артқан сайын еңбек күші де қажет. Ал бұл аудандағы жұмыссыздықты азайтуға бірден-бір сеп. Қазір «Тоғжан» ательесінде 15 адам тұрақты еңбек етуде. Мұнда ұлттық киімдер, той көйлектері, мектеп формалары, перде, көрпе-көрпеше, қыз жасауы дайындалады. Сондай-ақ, аудан көлеміндегі барлық өнерпаздар сахналық киім әзірлеуде «Тоғжанға» сенім артқан. Қысқасы, қандай тапсырыс берсеңіз де ісмерлер орындауға әзір.

– Халық сұранысына сай қызмет етудеміз. Қазір көпшілігі дайын киім сатып алғаннан гөрі, өз қалауымен тіктіргісі келеді. Нәтижесінде бізде тапсырыс көп. Тұрғындар сұранысын жылдам әрі сапалы орындай алатынымыз – ұжым еңбегі, – дейді Тоғжан Мұсаева.

Кәсіпті дамыту үшін несиеге иек артпаған кәсіпкер өз еңбегімен алға басып келеді. Алдағы уақытта шағын кәсіпті ірі тігін фабрикасына айналдыруды армандайтынын да жасырмады.

6-бет.

Суреттерді түсірген Ерұлан ДАТКЕНОВ.

№117 (19795) 8 тамыз, бейсенбі 2019 жыл

СЫР БОЙЫ ҚҰРЫЛЫСШЫЛАРЫНЫҢ ҚОЛТАҢБАСЫ АЙҚЫН

– Мұхамедиса Әбдірахманұлы, қаладағы бой түзеген тұрғын үйлерде, еңсе тіктеген емхана-ауруханалар мен білім нысандарында, іске қосылған өндірістерде – бәрі-бәрінде құрылысшылардың қолтаңбасы жатыр. Бұл гимараттар өз кезегінде әлеуметтің әлеуетін айшықтайтынын ескерсек, құрыш қолдар төккен тердің текке кетпегенін ұға аламыз. Облыстың құрылыс саласының 75 жылдық тарихында атқарған жұмыстарын тізіп шығу мүмкін емес шығар. Дегенмен, тарихқа тағы бір үңілсек, өткені мен келешегі туралы ойыңызбен бөліссеңіз...

– Құрылыс индустриясы – экономиканың негізгі іргетасы. Кез келген елдің экономикалық күш-қуаты мен әлеуметтік тұрақтылығы құрылыс саласының дамуына тікелей байланысты. Бүгінде өңірімізде құрылыс индустриясы қарқынды дамып, ел экономикасының, оның ішінде тұрғындардың әлеуметтік әлеуетінің артуына айрықша ықпал етіп келеді. Саланың өркендеуін облыс орталығы – Қызылорда қаласы аумағының өсуінен, аудан орталықтары, ауылдар мен елді мекендерге салынған әлеуметтік объектілер мен тұрғын үй құрылыстарынан, жолдардан байқауға болады. Мұнан 75 жыл бұрын облыста құрылыс саласында бір ғана мекеме болса, қазіргі күні құрылыс салумен айналысатын мекемелер саны артты. Бұлардың ішінде құрылыс салуға тапсырыс беретін, сәулеті мен жобасын келісетін, құрылыс-монтаж жұмыстарының, материалдарының сапасына бақылау жасайтын, құрылысты жобалайтын мекемелер бар. Барлық аудандар мен қала әкімдіктері жанында құрылыс, сәулет және коммуналдық шаруашылық бөлімдері құрылған.

1944 жылы 1 қарашада Еңбекшілер депутаттарының облыстық Совет атқару комитетінің жанынан архитектура істері бөлімі құрылған. Оның бірінші бастығы болып Петр Силович Югай тағайындалған. 1959 жылы құрылыс істері жөніндегі облыстық бөлім мен Қызылорда қаласының бас архитекторы басқармасы біріктірілді. Ал 1945 жылы Қызылорда плотинасының құрылысы басталды. Біздің облыс жағдайында суармалы егіс кәсібінен тұрақты мол өнім алу мәселесімен шұғылдану аса қажетті іс. Сондықтан Сырдариядан Қызылорда плотинасын құру керек болды. Бұл плотина – Орталық Азиядағы ірі су құрылыстарының бірі. Плотина салынып біткен соң аймақтың суармалы егін кәсібі қарыштап дамып, халық шаруашылығы мен мәдениеті көркейеді деген үлкен сеніммен қарады. Солай болды да. 1956 жылы плотина іске қосылып, маусым айында су жіберілді. Одан кейінгі жылдарда қаланың солтүстік батыс бөлігінде целлюлоза-картон комбинаты, өндірістік цехтар, жылуэлектр орталығы, Титов поселкесі салына бастады.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында құрылыс атаулы тоқырағаны рас. Соның ішінде, тұрғын үй құрылысын салу жұмыстары өте баяулады. 80-жылдардың ортасында басталған «Мерей» шағын ауданының құрылысы 2004 жылы тоқтады. Арал теңізінің тартылып, экологиялық апат аймағына айналуы бүкіл дүние жүзін алаңдатқан оқиға болды. Елбасының тікелей қолдауымен «Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Солтүстік Арал теңізін сақтап қалу» жобасы дүниеге келіп, «Көкарал» бөгеті тұрғызылды, «Ақлақ» су тоспасы салынды. Кіші Арал теңізі сақталып, елдің ризық-несібесіне айналды. Аймақта балық шаруашылығы

өркендеп, балықшылар атакәсібіне қайта оралды. Жағалаудағы елді мекендердің әлеуметтік-тұрмыстық жағдайы жақсарды. Бүгінде Аралда бұрынғы Кеңес заманында болмаған жаңа технологиямен балық зауыттары жұмыс істеуде. «Жезқазған-Сексеуіл-Бейнеу» теміржол желілерінің құрылысы жүргізіліп, Сексеуіл арқылы өтетін теміржол бойында көптеген нысандар ашылды, жергілікті тұрғындар жұмыспен қамтылды.

Егемендік алған жылдардан бастап облыстың құрылысына Мәлік Сапарғалиев, Қожахмет Баймаханов, Кемал Нұрекешов, Әуезхан Уромбаев, Сухраб Жолдасбеков, Сержан Нәметша, Ерлан Төрәлиев, Нәжмадин Шамұратов, Батыржан Қаракөзов, Әміркүл Жылқайдаров, Мұрат Тілеумбетов секілді ағаларымыз бен замандастарымыз басшылық жасады. Өзім 2016 жылдың қазан айынан бастап облыстық құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасының басшысы қызметіне келдім. Басқармада білікті де білімді кадрлар жұмыс жасайды. Осы жылдары облыс аумағында бірқатар әлеуметтік маңызды нысандар пайдалануға берілді. Жалғыз баспанасы апатты деп танылған отбасылар жаңа шағын аудандардан пәтер алды. Аймақтың құрылыс индустриясын өрге сүйреп келе жатқан ірі әрі қуатты құрылыс компанияларының қатары жыл өткен сайын көбейе түсуде.

Осы қызметке келерге дейін 2013-2016 жылдары қалалық құрылыс бөлімінің басшысы қызметінде болдым. Сол кезеңде Сұлтан Бейбарыс, Жаппасбай батыр көшелері бойындағы, Тасбөгет кенті, Титов қыстағы, «Сырдария», «Астана», «Арай», «Арай-2», «Нұр Орда», «Ипподром», «СПМК» жаңа шағын аудандары мен тұрғын үй кешендерінің құрылысына тікелей басшылық жасадым. Халықты таза ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында қабылданған «Ақбұлақ» бағдарламасы аясында қаланың бірқатар елді мекендерін ауыз сумен қамтамасыз етуде ауқымды жұмыстар жүргіздік. Нәтижесінде 57 скважина іске қосылып, облыс орталығы – Қызылорда қаласы толықтай жерасты су көзіне қосылды.

2016 жылы аумағы 980 гектарды құрайтын толықтай инженерлік инфрақұрылым жүйелерімен қамтамасыз етілген «Бәйтерек» жаңа шағын ауданы ашылып, жер кезегінде тұрған 6 мыңға жуық азаматқа жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер бөлінді.

Құрылыс материалдары өндірісімен айналысатын, темір-бетон, қыш, металл-пластик, ағаш, түрлі аяқжол және аллеялар төсеніштерін, тағы басқа да қажеттіліктерді шығаратын зауыттар мен өнеркәсіп орындары бар. Республика бойынша барлық аудандары мен елді мекендерінің бас жоспарлары бекітілген облыстың бірі – Қызылорда. Қаланың бас жоспарына біршама өзгеріс енгізіліп, аумағы 9 мың гектарға кеңейіп отыр. Бұл да аймағымыздың дұрыс бағытта дамып, өсіп келе жатқанын білдіреді.

– Құрылыс дегеніміз – ауытқуына ешқандай жол берілмейтін стандарттардың, нормалар мен ережелердің толықтай жиынтығы. Себебі, таразы басында сол гимараттарда өмір сүретін, жұмыс істейтін адамдардың тағдыры тұр. Мұны құрылысшы мамандығын таңдаған адам ғана түсінеді. Қазір қарап отырсаңыз, Қызылорда құрылыс алаңына айналғандай...

– Дұрыс айтасыз, ауқымды саланы алға жылжытуда құрылысшылар қауымының еңбегі ерен. Миллиардтаған теңгенің ірі жобалары құрыш қолды құрылысшылардың табандылығының арқасында жүзеге асырылуда. Заманауи мектептер мен балабақшалардың бой түзеуі, денешынықтыру кешендерінің салынуы, жылдар бойы армандап келген тақтайдай тегіс жолдардың ауылдарға дейін жетуі – бәрі-бәрі құрылысшылардың қолымен тындырылып жатқан игі істер. Соңғы 6 жылда бұрынғы аймақ басшысы Қырымбек Көшербаевтың бастамасымен облыс бойынша 200-ден аса әлеуметтік нысан пайдалануға берілді. Ал биыл басқарма арқылы 23 әлеуметтік нысанның құрылысы жүргізілуде. Өткен 7 айда 3 әлеуметтік нысан пайдалануға берілді. Олар – сол жағалаудағы Жастарға қызмет көрсету орталығы, қайта жаңғыртылған Ғ.Мұратбаев атындағы орталық стадион және Арал ауданы Шижаға елді мекеніндегі 100 орындық ауылдық клуб.

Елбасы Н.Назарбаевтың тапсырмасына сәйкес облыс атынан Түркістан қаласына сый ретінде халыққа қызмет көрсету кешенінің (Шығыс моншасы) құрылысы жүргізілуде және жыл аяғына дейін пайдалануға беру жоспарлануда. Түркістан облысы Арыс қаласында орын алған төтенше жағдайдан кейін қаланы қайта қалпына келтірудегі Сыр құрылысшыларының ауызбіршілігі мен ерліктерін ерекше атап өтуге болады. Арыс қаласы 17 аумаққа бөлініп, біздің облысқа бөлінген 6 аумақта 267 тұрғын үйді қайта қалпына келтіру тапсырылған. Бір үйдің баласындай жұмыла кіріскен Сыр құрылысшылары өздеріне жүктелген жауапты істі абыроймен атқарып, 1 ай ішінде 267 тұрғын үйге толық жөндеу жұмыстарын жүргізіп, тұрғындардың алғысына ие болды. Арыстағы жұмыс қарқыны облыс әкімі Қуанышбек Ысқақовтың тікелей бақылауында.

Қызылорда сәні мен салтанаты жағынан өзге қалалардан кем түспейді. Бұл ретте Сырдарияның сол жағалауын ерекше атап өтуге болады. Қазірдің өзінде сол жағалауда 18 көпқабатты үйлерден тұратын шағын аудан, балабақша, жастарға қызмет көрсету орталығы, «Болашақ» университетінің кампусы, 1925 жылы «Қазақ» деген атауды қайтару туралы тарихи қаулы қабылданған бұрынғы Қазақ Орталық Атқару комитеті ғимаратының сызбасының негізінде салынған «Рухани жаңғыру» орталығы ғимараттары бой көтерді.

– Әрбір отбасы баспаналы болуды армандайды, соған күш-жігерін салып ұмтылады. Бүгінгі күні тұрғын үймен қамту мәселесі қалай жүзеге асырылуда?

– Мемлекетіміз өз азаматтарының баспанамен қамтылуына, бақытты болуына мүдделі. Тұрғын үй құрылысы – тек мақсат қана емес, ел экономикасының өрлеуіне серпін беретін зор күш. «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы жүзеге асырылып, еліміздің барлық өңірлерінде тұрғын үй құрылысы қарқынды дамуда. Соңғы 6 жылда 2,6 есеге өсіп, 2013 жылы 270 мың шаршы метрден 2018 жылы 700 мың шаршы метрге жетіп отыр. Облыс бойынша 361 көпқабатты тұрғын үй пайдалануға беріліп, 7 709 отбасы жаңа пәтерге ие болды. Апатты жағдайдағы баспана мәселесі толық шешімін тауып 713 отбасы жаңа тұрғын үймен қамтамасыз етілді. Өңірде «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы аясында 1862 пәтерді құрайтын 43 тұрғын үйдің құрылысы жүргізілуде. Біздің басты мақсатымыздың бірі – халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарын барынша қолжетімді тұрғын үймен қамтамасыз ету. Осы бағытта халыққа бастапқы жарнасыз алуға мүмкіндік беретін «Орда» жол картасы іске асуда. Сонымен қатар, «Баламекен» жобасы шеңберінде 100 отбасы «Болат Өтемұратов қорының», ал қалған 50 отбасы жергілікті бюджет есебінен тұрғын үймен қамтамасыз етілуде. Маусым айында 100 пәтерлі 50 үйдің құрылысы пайдалануға берілді. Бұған қоса «Бақытты отбасы» бағдарламасы аясында тұрғындарды баспанамен қамтамасыз ету шаралары жүзеге асырылуда.

– Қаланың, ауылдың сәнін келтіріп, айшықтандырып тұрған құрылыстарға қалдырған қолтаңба – әрқайсыңыз үшін үлкен мәртебе. Абыройларыңыз асқақ, мерейлеріңіз әрқашан үстем болсын! Әңгімеңізге рахмет!

Сұхбаттасқан
Айсәуле ҚАРАПАЕВА.

1-бет.

Қазақстан және әлем экономикасы алдағы уақытта қалай дамиды?

ҚАЗАҚСТАН

Қазақстанның Ұлттық экономика министрлігінің мәліметі бойынша ішкі жалпы өнім өсімі 2019 жылдың алғашқы жартыжылдығында 4 процентті құрады. Бұрын газетімізде хабарланғандай, осыдан бір жылдай бұрын халықаралық валюта қоры өз болжамында аталған өсімді біршама төмендетіп көрсеткен болатын. Бұл орайда Азия даму банкінің болжамдары бойынша да төмен көрсеткіш негізге алынған еді.

Қазақстандағы ішкі жалпы өнім өсімінің алдын ала жасалған болжамдарға қарағанда сәл жоғарылау болуының себептері мынадай. Біріншіден, мұнай нарығындағы баға күткендегіден жоғары болды. Екіншіден, Қазақстан әлеуметтік қолдау шараларына көптеп қаржы бөліп, бұл өз кезегінде тұтыну рыногында тауарлардың сұраныс табуына ықпал жасады.

Еліміздің макроэкономикалық салаға жауап беретін ұйым басшыларының мәлімдеуінше, жыл аяғына дейін инфляциялық үдерістердің өсімі болмайды. Бұл алдыңғы жылдарға белгіленген монетарлық саясаттың құрамдас бөлігі болып табылады. Үкімет қазір осы сала бойынша алдын ала бөлінген параметрлермен жұмыс істеуде.

Биылғы жылдың ерекшелігі, тұтыну рыногында жыл сайын көкөніс бағалары бойынша байқалатын қымбатшылық сезілмеді. Бұл, біздіңше, салаға мемлекеттік қолдаудың едәуір ықпал жасап жатқанын білдіреді. Агроөнеркәсіпке мемлекеттік қолдау Қазақстанды Еуразиялық экономикалық кеңістікте жетістіктерге жеткізеді деген болжамдар айтылуда. Сонымен бірге, Қытай, Иран бағытындағы қадамдар экспорт әлеуетін арттыра түсетін болады.

ӘЛЕМ

Әлем жұртшылығы АҚШ пен Қытай арасындағы сауда соғысының әкелген зардаптарын есептеуде. Оның теріс ықпалы еуроаймақтағы елдерге салқынын тигізе бастады. 2019 жыл соңына дейін Германия, Италия, Голландия өз дамуының төмендейтінін мәлімдеді. Ағымдағы әлеуметтік-экономикалық қиындықтар салдарынан сарапшылар еуроаймақ елдерінің жалпы ішкі өнім өсімі орта есеппен 1,3 процент құрайтынын мәлімдеді. Болжамдар бойынша әлемнің түкпір-түкпіріндегі көптеген елдер өздерінің 2019 жылға арнаған өсім көрсеткіштерін төмендетіп отыр. Сонымен бірге сарапшылар еуроаймақта күтілетін Ұлыбританияның брекситі Испанияда Каталонияның тәуелсіздікке ұмтылысы сияқты дүмпулер жалпы өңірде экономикалық өсімнің баяулауын тездететін болады.

Еурокомиссия сарапшыларының пікірінше, 2019 жыл Еуроодақ елдерінің барлығы үшін күрделі болады. Иранның АҚШ-пен, сондай-ақ бірқатар Араб елдерімен текетіресі әлем экономикасының өсіміне кері ықпал жасайтын факторлардың бірі болып табылады.

Ж.ӘЛМАХАН.

Нұрым ишан

Жаңақұрылыс жақтағы Пұсырман ауылында 1881 жылы өмірге келген Бекмырза баласы Нұрымның руы Кішкененің Дәулетиярынан тарайтын Есімбегі болып келеді. Көзкөрген жандардың айтуына қарағанда жауырынды келген орта бойлы, қалың қара сақалды, кішіпейіл кісі болған. 1891 жылы Бөгендегі Тәжімбет ишанның мешітінде оқып, мұсылмандық білім сатысының алғашқы деңгейінде, 1894 жылы Сырдария өзенінің Әлсейіт өткеліне таяу жердегі Жиенбай ишанның мешітінен дәріс алған. Жалпы Сырдың төменгі ағысындағы ел арасында алғаш мешіт ашқан қазалылық Рамберді және Жиенбай ишандар деген дерек бар. Соған сәйкес аталған ишандардың білім деңгейінің жоғары екені, ел-халықтың оларға деген айрықша ықылас-құрметі туралы жағымды пікірлер қалыптасқан. Бала Нұрымның осындай рухани орталыққа тап болуының өзінде айрықша бір заңдылық, ерекшелік жатқанын пайымдауға болады. Осының негізінде 1898 жылы Орта Азияның аса беделді жоғары оқу орны – Бұқарадағы Көкілташ медресесіне қабылданды. Медресені 1905 жылы үздіктер қатарында бітірген Нұрым арнайы шатырхат негізінде ишандық атақ алып аяқтап шықты. Сонымен қатар Хорезм қазіретіне қол тапсырып, арнайы білім сынақтарынан өткеннен кейін, қажылық парызын өтеу мақсатында Меккеге баруға рұқсат алып елге оралды. Ел ішінде ишанның бұл сапарына бір кездері Жанқожа батырдың сарбаздарына басшылық жасаған Әйімбеттің балалары Құтмамбет пен Құлымбет қаржылай қолдап, көмек жасаған.

Назар аударатын басты мәселе Нұрым мұсылмандық білім жолына 14 жыл өмірін арнаған. Осыншама жыл ішінде білім алу оның жан-жақты болып қалыптасуларына айрықша ықпал жасағанын мойындауымыз қажет.



Мұндай деңгейде білім алуға екінің бірінің төзімі мен қабілет -қарымы жете бермесі де анық жағдай. Медресе қабырғасында жерлесіміз Тұрмағанбет Ізтілеуовпен кездесіп, осы арқылы тәжіктің ұлы ақыны Садридин Айни тәрізді белгілі тұлғамен танысады. Ой-пікірлерінің үйлесулері, ақыл-ой деңгейлерінің теңдестігі, олардың белгілі бір мақсат жолында бірлесуіне негіз қалады. Атап айтар болсақ, сол кездің өзінде екі бірдей білімпаз жанның бастамасымен медресе шәкірттері (студенттер) арасындағы әдебиет үйірмесіне қатысады. Осындай ғажайып тұлғаларымыз туралы мәліметтер өте жұтаң, тапшы. Егер сол дәуірдегі құймақұлақ, зерек, есті аталардан осындай асылдарға қатысты дерек көздерін толығырақ қамтып қалғанымызда, ғұламалардың адамдық бейне-болмысы саф алтындай жарқырай түсері сөзсіз еді. Амал не, бардың өзіне қанағат жасауға тура келеді.

Нұрымның бойындағы ерекше қабілет, киелі қасиет, мұсылмандық білім, кісілік деңгейіне әкесі Бекмырзаның үлкен әсері болған. Оған дәлел, ел ішінде Бекмырза үлкен беделге ие жан екен. Себебі, қалың бұқара оның айрықша білімді жан екеніне сеніп, әулие тұтқан. Қара басы хан ұлына теңгерілетін дәрежеде сыйлы болды.

Бір жылдары ел мен жерді қуаңшылық жайлап, малдың жайымен сулы қоныс іздеп көшулеріне тура келді. Екі-үш күн жүргенімен жердің реңі өзгермеді. Төбеден күйдірген күннің ыстығынан көшкен халықпен қоса мал да азан-қазан күйге түсті. Ең шыдамды түйелердің өзі боздағанында, адамдардың төбе құйқасы шымырлай түсіп, көш басы саналатын Салмырза ақсақал Бекмырзаға қарап өтінішпен тіл қатты: «Бекмырза қарағым, халқыңның жағдайы қиынға айналды, малдың түрі мынау. Сенің мұсылманша білім-білімің бар ғой, мүмкіндігін тауып дұға оқымасаң, халіміз мүшкіл. Ендігі үмітіміз өзіңде ғана» деген базынасына, «бәрі бір Алланың құзырында, мен көпшіліктің уәжіне байланысты ғана тілек тілей аламын» деп жауап қайтарды. Осыдан кейін «Салмырза аға, мал мен жанды сонау тақырға жинаңыз» деп ыңғай білдірді. Ал өзі құбыла бетке қарай жүзін бұра тізерлей отырып, дұғаларын сарната жөнелді. Мына құдіретке қараңыз, аспанда бір шөкім бұлт пайда болды. Іле-шала нөсерлетіп жаңбыр жауды. Нөсердің күшті болғандығы соншалықты тақыр суға толып, мал мен жанның мейірі қанып, тыныс тапты. Адам таңғаларлық оқиға Бекмырзаның әйелі Ақтамақ анамыз арқылы немересі Жарболға мәлім болды. Әке айтқан киелі тарих балалары Сәбит пен Сүндетке жетті.

Осыдан кейін Бекмырза ата туралы ойлануға тура келді. Ол кісінің білім деңгейі қандай, қандай оқу орынын бітірді? Себебі, жоғарыдағы іс-әрекеттері қарапайым дін қызметкерлерінің қолынан келетін шаруа емес. Дәулетияр аталығынан тарайтын Қожағұлдан Пұсырман, Лабақ, Бектемір және Тұрманқұл туады. Төрт ағайынды жігіттердің үлкені Пұсырман өсе келе еліне елеулі би атанса, Лабақ Қыдырды үш рет көрген киелі жанға айналыпты. Тұрманқұлдың кіндігінен Бекмырза тараған. Ағалары Пұсырман би ел ішіндегі беделі мен үлкен дәулетінің күшін пайдаланып, Бұқарадағы Көкілташ медресесінен ғұлама молда алдырып, інілері Тұрманқұл мен Бектемірді оқуға берді. Қанша жыл оқығаны белгісіз, арнайы білім сатыларын меңгергеннен кейін сынақ тапсыруына тура келді. Бектемір барлық сынақтардан мүдірмей өткенде, ағасы Пұсырман «сен діннің екі жағын бірдей меңгерген екенсің» деп бағалапты. Өз кезегінде Тұрманқұл ілімінің күшін көрсетті. Құдірет күшінің кереметті көзімен көрген Пұсырман «осы сен мұсылманша бала оқытатын ұстаз боларсың» деп батасын берген көрінеді. Осыдан кейін ғана Көкілташ секілді атақты білім ордасының өкілі ғұлама молда «мен інілеріне бойымдағы барымды, бар білген білімімді беріп болдым» деп ризалықпен еңсесін тіктепті. Сол дәуірден бізге дейін жеткен осынау мәлімет, ауызекі деректерге қарап Бекмырзаның бойындағы білім негіздерінің әкесі Тұрманқұлдан тарағандығына көз жеткіздік. Сонымен қатар, Қожағұлдан өрбіген әулет мүшелерінің бәріне де кие қонып, Қыдыр дарығандығына, бақ құсының төбелерінде айналып жүргеніне куә болдық.

Жерлестері 1910 жылы Пұсырман ауылынан мешіт тұрғызып берді. Ишан осы мешіт үйінде талай жас буынның көкірек көзін ашып, жүректерінде имандылық шуағын маздатып өмірге даярлады. Оның тәрбиесінің шапағатын көптеген шәкірттері көрді. Солардың ішінде көрнектілері – Аққоян сопы, Қайыпназар, Саймұрат, Бақидың Бақбергені, Матайдың Алдашы және Аққоянның Бөгенбайы. Мешіт үйінде Баймұрат інісі шырақшы болып қызмет жасады.

Бірақ, өкінішке қарай, 1930 жылдың қуғын-сүргінінде ишанды да Қызылорданың түрмесіне апарып қамады. 1932 жылы үлкен әйелі Рысқал жеті жасар ұлы Жарболды ертіп апарып дидарласады. Көп ұзамай Қызылордадан Сібірге айдалып бара жатыр деген хабар тарады. Нұрым ишан туралы Сырдың төменгі сағасындағы ағайынға жеткен соңғы хабар осы болды. Бұл сапардан ишан атамыз оралмады. Қайда кетті, алтын басы қайда қалды? Бұл сауалдарға бүгінгі күндері жауап беретін адам жоқ.

Нұрым ишан ұсталып қамауға алынарынан бір күн бұрын, барлық діни кітаптарын сандыққа салып, оның сыртынан су өтпейтіндей қалың киізбен орап, жасырын түрде мешітінің маңайына көмген екен. Ертеңіне бір малын сойып құдайы садақасын береді. Ишанның бұл әрекетіне таң қалған ағайындарына дастархан басына жайғасқаннан кейін, бұның бәрі жол жүрудің қамы екенін, өзін алып кетуге арнайы адамдардың келетініне дейін қолмен қойғандай баяндап берді. Жаратушыға деген шексіз сенім, сол ғұламаларды хақ жолынан тайдырмады. Келген нәубетті де, Алла тағаланың ақ бұйрығы ретінде қабылдаған. Болмаса, соншама құдірет күшіне ие болған киелі де аруақты жан алдын ала шара қолданып бой тасалануына болатын ба еді деп ойлаймыз. Бірақ, олардың бұлай жасауына алған білімі, өмірлік көзқарасы, дүниетанымы мүмкіндік бермейтін еді. Осы орайда аманөткелдік Рамберді ишанның «бір саусағың екеу болғанша дұғаның күшін өзіңе қолдануға болмайды» деген сөзі ойымызға еріксіз түрде оралады. Неге бұлай? Өмірдің неше түрлі сынақтарына тап болып қиналған жандардың тілектері ескеріліп, адам сенгісіз мүмкіндіктер жасалынады, ал өздеріне болмайды. Бұл да – қасиетті дін Ислам ілімдерінің тылсымға толы тағы да бір ой саларлық құдіреті.

Нұрымның үлкен әйелі Рысқал он бір құрсақ көтергенімен, балалары тұрмаған. Осыдан кейін Рысқал анамыз отағасы Нұрымға «сен әулие адамсың, ұрпақсыз өтуге тиісті емессің, менің кеуіліме қарамай үйленуің керек» деген талабын алға тартты. Ер азаматының тегінің жойылып кетпеуіне, киелі әулеттің ұрпақ жалғастығына деген осыншама құрмет пен сенім тек қана қазақ әйелдерінің қанында бар. Қазалы уезіне танымал, белгілі Бекетай бидің інісі Бекше сопының қызы Зияшқа құда түсіп, төсек жаңғыртуына өзі тікелей себепші болды. Жоғарыда аты аталған Жарбол – 1925 жылы осы әйелі Зияштан көрген жалғыз мұрагері. Жарболдың әке алдындағы орындалған парызы, міндеті – ишан мешітінің орнын қоршап, мәрмәр тақтаға Бекмырза баласы Нұрым деп жаздыруы. Аталған жұмыстар 1993-1994 жылдары атқарылды. Жарбол бұл жұмыстарды ағайын-туысқандарының қолдауымен жүзеге асырды. Ғұлама жанның немерелері Сәбит пен Сүндет Ақтөбе қаласында тұрады. Ишан атамыз туралы, ол кісінің өмір жолдарын іздестіру кезінде Сәбит қолынан келгенше ықылас-пейілін аямады. Ал, Жаңақұрылыс елді мекенінде тұратын Төлеуова Набат апамыздың аруақты аталары үшін мені арнайы іздеп келгені – ел тарихына, ұрпақтар тәрбиесіне деген үлкен құрмет деп бағалауға тұратын рухани ерлік. Елжандылық, отансүйгіштік мәселесі сөз болғанда біздің кейбір замандастарымыз мысалды алыстан іздеп әуре-сарсаңға түсіп, әлек болатындары бар. Қарапайым қазақ әйелінің, бір әулеттің отанасының имандылық мұраттары үшін осыншама еңбектенуі киелі тарихымыз үшін үлгі, өнеге деп қорытынды жасаймыз.

Т.ДӘРМЕНОВ.
Арал ауданы.

Халық қазынасының хатшысы

Өзінен кейінгі ұрпағына өмірдің қырық қатпарын ақтарып өсиет еткен қазақтай ұлт бар ма екен. Шешендік сөздер, даңғайыр дастандар, маржан мақалдар, суырыпсалма айтыстар – бәрі алдыңда жатыр, ал да, қажетіңе жарата бер. Осы қымбат қазынаны қолға жинап, қоржынымызға салған атақты ғалымдар, фольклоршылар, филологтар ғана емес, асыл мұраларды жинаушы адамдар ел ішінде де көп болған. Сөйтіп, олар қазақтың рухани мұра байлығын еселеген. Бірақ олардың еңбегі ескерілмеген, аты шықпаған.

Дүйсенбек АЯШҰЛЫ.

Жақында мен Шиеліде осындай бір ерекше адам болғанын естідім. Ол Нұрмахан Қасымұлы деген әкеміз екен. Бірақ әкеміз осыдан он үш жыл бұрын дүниеден өтіпті. Жеке қорында әдеби айналымға енбеген мол қазына бар дейді. Ол дүниелер артында қалған төрт ұл, бір қыздың біреуінің қолында көрінеді. Аңсарым ауды. Мені сол кісілерге бәйгеқұмдық Сұлтан ағам ертіп апарды. Ұлдар қызға сілтеді. Нұрмахан әкенің қолжазбаларын жазу машинасымен теретін осы кісі екен. Сонымен Рахия Нұрмаханқызының үйіне келдік. Біздің не мақсатпен жүргенімізді білген Рахия бірден жібімеді. Тіпті өкпе айтты:

– Әкемнің жинағандарын сұраушылар көп. Осыдан бірнеше жыл бұрын бұл үйге жазушылар да келді. Біраз нәрсе алды, жарыққа шығарды. Бірақ кімнен алғаны, кімнің жинағаны жөнінде тіс жармапты. Өздері тапқандай болыпты. Осы әділдік пе? – деді.

Үнсіз қалдық. «Жоқ, біз олар сияқты емеспіз» – дегеніміз өкпенің орнын толтырмас еді.

Маңдай тіреп барғанымыз Бала би жөніндегі тың деректер болатын.

– Әкем Бала би туралы ештеңе жазбаған, жиғантергенін қаттап отырған мен білемін ғой, – деп шорт кесті. – Бірақ, табылып жатса, көрерміз, –деді сосын.

Бірнеше күннен соң Рахия апай маған телефон соқты. «Келіп кетесің бе?» – деді.



Мен Қызылордадан, Сұлтан ағай Бәйгеқұмнан, екеуміз салып ұрып жеттік. Рахия апай көңілді қарсы алды. Өткен жолы байқамаған екенбіз, көкірегінен сәуле төгіліп тұрған қабағы ашық жан екен. Алдыма бірнеше дәптер мен көлемі үлкен, қолдап түптелген кітапты қойды.

Ал, біз әуелі оқырман үшін Нұрмахан Қасымұлының кім екенін айтып алайық, кітап пен дәптерлердің сөзіне сосын үңілейік.

Нұрмахан әкей 1919 жылы Шиелі топырағында дүниеге келген. Отан соғысына қатысқан. Соғыс жылдары КСРО Қарулы күштері Бас штабының Бас барлау басқармасына қарасты «Смерш» әскери барлау қызметінде болған. Сталинград майданына, Чехославакияны азат етуге қатысқан.

Соғыстан соң партия оны Жалағаш ауданына қызмет етуге жіберген. Аудандық астық дайындау мекемесінде еңбек еткен, онан соң Қармақшы ауданындағы Ақжар МТС-інде директор болған. Нұрмахан әкей осы кездерден бастап-ақ ел аузындағы әңгімелерді жинауға әуестенген секілді. Себебі оның қолжазбаларында Дүр Оңғардың, Базар жыраудың сирек ұшырасатын жыр мұралары бар. Мұнан кейін ол Бәйгеқұм ауылшаруашылық техникумының ашылуына тікелей бас болып, оны өзі басқарған. Тереңөзек ауданындағы «40 жылдық Қазақстан» колхозының төрағасы, Шиелі ауданық атқару комитетінде бөлім басшысы, өндіріс комбинатының директоры болып қызмет атқарған.

1980 жылы зейнетке шыққан соң бірыңғай ел мұрасын жинауға кіріскен.

Көкірегі сөз қазынасының сөресіндей болған Нұрмахан әкей ешкімнен ештеңе дәметпей-ақ, ғылыми атаққа ұмтылмай-ақ бұйырған ғұмырының ақырына дейін халықтың сөз қазынасын жиып қаттаған. Тапқанын баспаға ала жүгірмей-ақ өз қолымен түптеп, қолжазбаларын кітапқа айналдырған. Оның осындай жанкешті жұмысы жайында ұлы Бөкейхан мынадай бір қызық дерек айтты.

– Бір жылы әкеме «Коммунизм» колхозында тұратын қарт кісі арап әрпімен жазылған екі дәптер берді. «Осындай іспен айналысып жүрсің, елдің пайдасына жаратарсың» деп аманат қылды. Әкем орысша қазақшаға бірдей, бірақ арапша оқу білмейтін. Сол дәптерді оқу үшін арапша үйрене бастады. Алдына бірнеше сөздіктерді жайып қойып, күн-түні отырды. Мен әкемнің алғырлығы мен еңбеккештігіне таңғалдым. Алты айда арапша судыратып оқитын хәлге жетті. Сөйтіп сол екі дәптерді қазақшалап қайта жазды. Бұл қазақ-қалмақ соғысы жөнінде баяндалған «Жапал батыр мен Таңшебер қыз» деп аталатын дастан екен. Онан соң әкем Ибрагим пайғамбардың аңыз әңгімелерін шерткен Қапбар молданың дастанын да арапшадан аударды, – деді ол.

«Жапал батыр мен Таңшебер қызды» Шәкір деген кісі жазыпты. Одан Әбілдә Тұтқышұлының, одан Әлімхан Одаманұлының, одан Жамалдин Дулатұлының қолына өткен. Аудару ісін Нұрмахан әкей орындаған.

Мен осы отырғанда арыпашып адасып келе жатып мол қазынаға жолыққан ертегі кейіпкері сияқтымын. Мына дәптерлердің іші ғақлия-ғибратқа тұнып тұр. Әрісі – Лұқпан хакімнің өсиеттері, Шәді төренің мұрасы, берісі –Бұдабай, Нартай, Балаби, Досбол дүниелері. «Е, мұның бәрі бізге белгілі қазыналар ғой» дерсіз. Алайда, сіз Нұрмахан әкейдің дәптеріне көз салсаңыз, тың дүниелерге жолыққаныңызды сезесіз.

«Сиырды көп сауғанмен
бие болмас,
Есекке жүк артқанмен
түйе болмас.
Жаманға жақынмын деп
сырыңды айтпа,
Аузына өнебойы
ие болмас»
(Бұдабай).

«Шірімес алтын жерде
жатқанменен,
Оқ жетпес ажалсызға
атқанменен.
Жалқауға сөз, жаманға
таяқ өтпес,
Жалған сөз ашылады
жапқанменен»
(Нартай).

Адамдық қадірін мысалдап жеткізудің тамаша өрнегі емес пе?

Мұндай жауһар сөздер жерде жатпайды. Қасиетті сүйген қайнардан шығады. Сондай бір қайнардың көзіне кезігіп сусындап отырғанымыздың қуанышы бұл.

Қарапайым ғана тірлік кешкен Нұрмахан әкейдің еңбегі еленіп, көптеген марапат иесі атаныпты. Елбасы қабылдауында да болыпты. Бірақ, ұлт жәдігерін жинаушы есебіндегі ерен еңбегі ескерілмепті.

Біз мысқалдай болса да сол олқылықтың орны толса екен дедік.

Ел тарихынан сыр шерткен туынды

«Өткенсіз келешек жоқ» деген халық даналығы – бүгінгі ұрпаққа даңғыл жол. Кез келген жаңалық өткенімен өзектеліп, келешек ұрпақпен жалғасын табары сөзсіз.

Қандай бір жер болмасын өзіндік тарихымен үндесіп жатады. Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласының жалғасы десек, осы құнды құжаттар төңірегінде әлемдік деңгейде өркениет дамып, еліміздің, жеріміздің тарихына тереңірек үңіліп, ескіміз жаңғырып, жақсы істер мен жаңалықтар белең алып, сана-сезімімізге ерекше серпіліс беруде.

Осындай жаңалықтың бірі – «Майлыөзек – құтты мекенім» атты кітап. Бұл елімен етене араласып, ауылының суығына тоңып, ыстығына шыдаған, адал еңбегін туған ауылына арнаған бүгінгі зейнеткер, еңбек ардагері Ағайша Нұрғалиеваның жинақтаған деректері. Кітаптың мазмұндылығы сондай шағын Майлыөзек елді мекенінің тарихына терең үңіліп, жақсысы мен жайсаңдарын, осы өңірден түлеген түлектерді түгел ендіре білген. 1957-1980 жылдары бөлімше, кейін Алдашбай ахун ауылы болып өзгерген елді мекеннің тарихы толық берілген. Бүгінгі күнгі өсу мен өркендеулер, ұрпақтың өскеленді өткен кезеңдерді еріксіз көз алдыңа елестеді. «Туған жерге туыңды тік» деген зерделі сөзді ескерсек, бұл еңбек ауылына деген бір тамшы болса да перзенттік үлес.

Дана халық «Бағалай білгенге бақ, қуана білгенге құт қонады» деп жатады. Сондықтан ауылымыздың ерен еңбегін бағалап, жаңалықтар үшін қуана білейік.

Мейрамбек ЖАҚАНОВ.
Қармақшы ауданы,
Алдашбай ахун ауылы.

Құм астындағы құпия

Қышқаладағы (Баршынкент) далалық зерттеу жұмыстары

Өткен жылы Сырдария ауданындағы Қышқала қалашығында археологиялық зерттеу жұмыстарын археологиялық экспедиция жүргізді. Экспедицияның жасақталуы облыстың тарихи-мәдени мұраларын қорғау және пайдалану жөніндегі ғылыми-әдістемелік кеңес отырысында мақұлданған болатын. Негізгі мақсаты – ортағасырлық Қышқала қалашығында археологиялық зерттеулерді жүргізіп, оның материалдық және рухани мәдениетін, шаруашылық дәстүрін, әлеуметтік-экономикалық ахуалының негізгі элементтерін қалпына келтіру. Зерттеу барысында топографиялық жұмыстар, археологиялық, стратиграфиялық қазба, барлау жүргізілді.

Ортағасырлық Қышқала Сырдария ауданындағы Қоғалыкөл ауылдық округіне жақын жерде, Томарөткелге іргелес орналасқан. Бұл қаланы алғаш рет 1889 жылы Перовск уезінде барлау жұмыстарын жүргізген В.Каллаур ашып, оны Қысқала (Гышқала) немесе Тасқала деп атап, Перовсктен шығып, Хиуа мен Бұқарға баратын жолдың 25-30 верстінде орналасқаны туралы жазған.

1946 жылы С.Толстов басқарған Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясы Қышқалада болып оның үстінде шашылып жатқан ыдыс сынықтарын, заттарды жинап, картада Қыштөбенің ортағасырлық Асанас пен Женттің аралығында орналасқанын көрсеткен. 1960 жылы Ә.Қоңыратбаев, Ғ.Мұсабаев Қышқалада зерттеу жұмыстарын жүргізген. Ол туралы Ә.Қоңыратбаев былай деп жазған: «Қышқала демектің мағынасы онда қыштан салынған кішігірім сарай (орда) болған. 1960 жылы біздер (ішінде Ғ.Мұсабаев бар) бірер метр жерін қазып, күйдірілген кірпіштен жасалған бармақтай сырлы құмыра таптық. Ішіне 25 грамм су кетеді, тұтқасы сынған. Осы төбенің астынан күміс ақша табылған. Сол жерден 1960 жылы мен сор бетіне шығып қалған алтын теңге таптым».

Сонымен қатар Ә.Қоңыратбаев Қышқаладағы моладан адамның, аттың сүйектері, сырланған көзелер сынығы табылғанын айта келіп: «Бірақ бұл жерде (Қышқаланы айтып отыр) қамалдың ізі жоқ...«Қышқала» деген атау ел аузында жүрген кейінгі сөздер болса керек. Сыр бойында ондай қаланың аты жоқ», – дейді.

Қышқала қалашығы Сыр бойы қалаларын зерттеушілердің бірі Тәнірберген Мәмиев зерттеулерінде Баршынкент қаласы деп көрсетіледі. Олай дейтініміз, барлық ортағасырлық саяхатшылардың, көпестердің, яғни, осы төңіректен өткен адамдардың картасы мен жазбаларында Қышқала деген атау кездестірмейміз. Олардың барлығы дерлік бұл қаланы Баршынкент, Баршын қала атауымен көрсетіп отырған.

Қаладағы алғашқы археологиялық қазба жұмыстарына 1990 жылы Қызылорда пединститутының Т.Мәмиев басқарған студенттер тобы мен Әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінен арнайы шақырылған М.Елеуов пен Д.Талеев қатысады. Жүргізілген қазба жұмыстарының барысы, ашылған құрылыстар, табылған археологиялық заттар Т.Мәмиевтің «Кейінгі ортағасырдағы Арал өңірінің қалалары (XIII-XVIIIғғ.)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысында қысқаша жазылды.

Т.Мәмиев зерттеу жұмыстарын жүргізген кезде оның діни, қоғамдық, азаматтық құрылыстары дөңгелек төбелерден тұратынына көңіл аударған. Негізінен үш нысанға қазба жұмыстары жүргізілді. Бірінші қазбаның биіктігі – 3 метр, диаметрі 36 метр екі төбеде жалғасып жатыр. Нәтижесінде мұндағы төбе 3 бөлмелі қам кірпішті құрылыстың жалғасы екені анықталған.

Екінші қазбаның биіктігі 2 метр, диаметрі 21 метр дөңгелек кебір топырақты төбе. Беткі қабатында сынған құмыра шашылып жатыр. Сондықтан «шаруашылық ауласы» деп аталады. Қазба батысынан басталып 4 бөлмесі ашылды. Бөлмелердің қабырғалары қам кірпіштен қаланған, кірпіштері кебірленіп топыраққа айналған. Қималық стратиграфиясына қарағанда 60 см тереңдікте құмыра сынықтарына толы. Ол 10 см тығыз, 7 см күйік (ағаш, қамыс), 20 см қамыс, 3,5 см кесек аралас бос қабаттардан тұрады. Бөлмелердің құрылымы Отырар қазбаларында кездескен XV-XVIII ғасырларда дамыған түрлі дәстүрлі үй құрылыстарына ұқсайды. Мұндағы кіреберіс қойма болып, тандыр шығу есігіне қарай ығыстырылған. Орталық бөлме шаруашылық және тұрғын үй қызметін атқарған.

Демек, тандырдың бір қалашықты айналуы XIII-XIV ғасырларда басталғаны белгілі болып отыр. Қазба тереңдеген сайын құмыра сынықтары сирек кездесті. Қыш сынықтарының көбісі үстіңгі мәдениет қабатындағы бөлмелерден шыққан. Сонымен бірге тиындар табылып, оларға Р.Бурнашева мен С.Юсупованың көмегімен талдау жұмыстары жүргізілген.

Қышқала және Баршынкент атаулары қайдан шықты?

Қышқала туралы бірқатар зерттеушілер өз еңбектерінде қарастырған. Қалаға байланысты атауларға қысқаша шолу жасап көрейік.

1245 жылы Сырдария өзенін жағалай жүрген Плано Карпини оның жағасындағы Янкинт (Jancint), Бархин (Баршынкент, Қышқала) және Орнас (Асанас) қалаларын орналасқанына қарай көрсеткен. Сонымен қатар, бұл өңірде аты белгісіз де қалалар көп екенін атап өткен. П.Каприни

Бархим (Бархин) қаласының Жошы әскеріне берілмей, ұзақ шайқасқаны туралы жазып қалдырған. Бархинде болған қанды шайқасты естіген Янкинт қаласының халқы соғысудан бас тартып, қаланы өз еркімен берген. Сол себепті қала қиратылмаған, бірақ жау қала халқының көбін қырып, аяусыз тонаған, тірі қалған тұрғындарды көшіріп, басқа жақтан айдап әкелген халықты қоныстандырған.

П.Карпинидің еңбегіндегі Бархин қаласына байланысты түсініктеме жазған А.Маленинніңболжамы бойынша Сырдария өзенінің алқабында Барченд, Барчынлыгенд атты қала болған. П.Лерхтің «Археологическая поездка в Туркестанский край в 1867 году» атты еңбегінде Бархалигкенд деген қала Сығанақ пен Өзгент қалаларының аралығында деп көрсетілген. В.Каллаур 1899 жылы өзі ашқан Қышқаланы Қысқала (Гышкала) деп атап, оны Жент қаласымен байланыстырады. Сонымен қатар, ол Жөлектен 80 верст жерде орналасқан Барчинлыгкент (Бархалыгкент) қаласы бар деп көрсеткен. Өзгент, Бархалыгкент, Ашнас және Жент қалаларының орналасу ретіне тоқтала келіп: «...Джучи-хан после разрушения Саганака отправился в Узгент, затем в Бархалыгкент, Ашнас и Джент: следовательно, Бархалыгкент должен быть ниже Узгента и по пути в Ашнас» деп жазған. В.Каллаурдың бұл пікірімен келісуге болмайды, себебі П.Карпинидің жазғаны бойынша Янкинт, Бархин және Орнас (Асанас) қалалары осы ретпен орналасқан.

В.Бартольд Қышқаланы Жентпен байланыстырып В.Каллаурдың пікіріне қосыла отырып, Өзгенттен 7 верст жердегі аумағы 600 қадам келетін шағын бекіністің құландысын Барчынлыгендтің орны болса керек дейді.

Ә.Марғұлан «Баршынкенттің қираған бөліктері Сырдарияның оңтүстік жағасында Қызылорда мен Шиелі арасында орналасқан және Қызқала атауымен белгілі» деп жазған. «Баршынкент» атауы халық поэмасының кейіпкері Алпамыспен байланысты. Оғыз-феодал ақсүйектерінің өкілі Баршын сұлу есімді атақты әйел Сырдарияның төменгі бойындағы қаланы өз есімімен атады, осыдан Қызқала шыққан. Ә.Марғұланның айтуына қарағанда, Сырдарияның оңтүстік жағасындағы Көккесене кесенесі Баршын сұлудың құрметіне салынған. Қышқала мен Баршынкенттің байланысы жөнінде Ә.Қоңырытбаевтың болжамдарына тоқталсақ: «В.Каллаурдың айтуынша, Жент қаласының орны – Қышқала (Томарөткел). Жентікөлдің батысында Баршынғылкент, Рабат Туғани қаласы болған. «... Қышқала демектің мағынасы – онда қыштан салынған кішігірім сарай(орда) болған. Сонда қыш көп табылған. Бұл сарайдың орны бар». 1960 жылы Қышқалада зерттеу жүргізген Ә.Қоңыратбаев Жент пен Баршынкенттің арасындағы байланысқа тоқтала келіп, олар туралы былайша болжам жасаған: «Сонымен біз Жент екеу болған дейміз. Бірі Қуандарияның сағасындағы ескі хұн Женті, екіншісі X ғасырдағы Сейілхандар салған Жент. В.Каллаур айтқан Жент – соңғысы болуы тиіс. Сол сияқты Баршынкенттің орны кесене емес, Қызылқұмда тұрған, Баршындария жағасына салынған Сырлытам болуға тиіс». «Археологическая карта Казахстана» атты жинақта Қышқаланы «Развалины отдельных сооружений Кызкала» – деп көрсеткен. С.Толстовтың картасында Қышқала Қыштөбе деп аталған.

С.Жолдасбайұлы Баршынкент туралы Ә.Қоңыратбаевтың жүргізген зерттеулеріне сүйене отырып: «...сонымен осы Баршындария сағасындағы Сырлытам мазары мен оның жанындағы елді мекенді Баршынкент деген қорытындыға келген. Баршынкент атының біз жоғарыда келтірген XIII ғасырдың орта кезіндегі жазба деректерде кездесуі, ертедегі аңыздар мен батырлар жырындағы хабарлармен сәйкес келуі бұл аймақтағы соңғы кездегі ел аузындағы кенттің атының сақталуы, дарияның Баршын аталуы жай нәрсе еместігін байқатады. Олай болғанда оғыздар мен қыпшақтар өмір сүрген Баршынкент мекенінің болғандығы сөзсіз», деп жазған.

К.Байпақов ортағасырлық Қызтөбені Барлыгенд (Баршынкент) деп атап, картада оны Қызылордадан батыста, дарияның оң жағасына орналастырған. Баршынкент қаласы туралы аса құнды деректер Ә.Дербісалиевтің «Қазақ даласының жұлдыздары» атты тарихи-филологиялық зерттеуінде кездеседі. Ғалым бұл еңбегінде Баршынкент қаласында туып-өскен ортағасырлық ғұлама ғалымдар туралы және Баршынкент қаласына келіп, Сырдарияның төменгі ағысындағы басқа да ортағасырлық қалаларда туып-өскен ғұламалар мен кездескен жатжерліктердің еңбектеріне жан-жақты тоқталып шолу жасаған.

1273-1274 жылдары Сыр бойындағы қалалар мен онда тұратын халықтардың тарихын хатқа түсіру ниетімен арнайы келген Жамал Карши болды. Жамал өз дүниесін әуелі Баршынкент жайлы мағлұматтар беруден бастаған. Оны қала емес, мекен (дияр) деп атаған. Соған қарағанда Баршынкент шынында да бекіністік дәрежедегі қыстақ қана болған сияқты. Баршынкент белгілі мәдениет орталығы болған. Мұнда дуалы ауыз шешендер мен жезтаңдай әншілер, сөз өнерінің белгілі майталмандары ғұмыр кешкен. Мұсылман деректерінде Жентке жақын жерде, Сырдарияның төменгі ағысындағы Барчинлигент қаласын Барчканд, Барчкенд деп атаған. Карши Барчкандке шейх Хусамал-миллава-д-дин Абу-л Махамид Хамд ибн Асим ал-Асим ал Барчинлгиден дәріс алу үшін келген.

Сонымен, деректерде, зерттеушілердің еңбектерінде Бархин (П.Карпини), Барчканд (Жамал Карши), Барчинлигкент, Барчканд, Барчкенд (Ә.Дербісалиев), Барчин (Жошы теңгелерінде), Ба-әр-чи-ли-Хань, Ба-әрчжень (қытай транскрипциясы бойынша), Барчынлыгенд (Барчкенд), Барчынлыген, Хышт-қала, Баршын, Баргент (В.Бартольд), Барлычгенд (К.Байпақов), Барчынлыгент (Жирмунский), Бархалигкенд (П.Лерх), Барчынлыгент, Бархалыгкент, Барчинлыкент (В.Каллаур), Баргенд, Барчынлыгенд (А.Маленин), Баршынкент (Ә.Марғұлан) Ә.Қоңыратбаев, С.Жолдасбайұлы, Т.Мәмиев) аталған қалалардың барлығы бір қаланың әртүрлі аталуы. Ал зерттеушілердің еңбектерінде Қыс-Қала, Гыш-Қала (В.Каллаур), Хышт кала (В.Бартольд) Қыз кала (Археологическая карта Казахстана), Қыш төбе (С.Толстов), Қызтөбе (К.Байпақов), Қышқала (Ә.Қоңыратбаев), Баршынкент (Т.Мамиев) деп атаған қаланың орны қазіргі Қышқалаға сәйкес келеді.

Біз қазіргі Қышқаланың орнын ортағасырлық Баршынкент қаласымен байланыстырған Т.Мәмиевтің пікіріне қосыла отырып, өз тарапымыздан айтарымыз, біріншіден, П.Карпини Бархин қаласы Жанкент пен Асанас қалаларының аралығында орналасқан деп дұрыс көрсеткен. Екіншіден, бұл қаланың орналасқан жері, тарихи құрылымы Ж.Карши болған мекен Барчкандқа сай келеді. Барчканд пен Баршынкент екеуі – бір қаланың аты.

Қалашықтағы археологиялық қазбалар

Сыртында ешқандай қорғаныс құрылыстары сақталмаған Қышқаланың (қалашықтың) жалпы аумағы 45-50 гектар болады. Қазба жұмыстары осы қалашықтың солтүстік-батыс шетін алып жатқан аумақта орналасқан екі биік төбешіктің біріне салынды. Үстіңгі жағында күйдірілген кірпіштер мен бір беті сырланған, бетіне өрнек салынған кірпіш сынықтары шашылып жатқан төбешіктің көлемі 30х32 метр болады. Кейін анықталғандай, кезінде едәуір келбетті кесененің орны болған төбенің солтүстік батыс шетінен біз салған (2018 жылы) қазбаның жалпы көлемі 12х12 метр. Жүргізілген қазба барысында қасбеті солтүстікке қараған кесененің қираған орнының бір бөлігі ашылды. Кесененің алдыңғы жағына төселген тікбұрышты кірпіш төсендісінің үстіне кезінде құлаған ғимараттың қасбетінің құландысы анықталып ашылды. Арқалы есігінің үстіңгі жағы мен оның шеттерін безендірген төртбұрышты кесіп салынған өрнекті қыш сылақтар мен оның айналасындағы мозайкалары беттерімен төмен қарай жатыр. Қабырға қашан құлағанын анықтау мүмкін емес. Өйткені құландының жоғарғы бет жағы мен қабырғалардың кірпіштерін жергілікті халық бірнеше дүркін бұзып алған. О баста қала тіршілігін тоқтатқаннан кейін көп ұзамай бұзылған кесененің қыштарын соңғы рет Кеңес дәуірінде (XX ғ. 60-70-ші жылдары) колхоздарды біріктіріп, совхоз құру науқанына байланысты салынған кеңсе, мектеп, клуб құрылыстарына пайдаланған деседі. Ауыл тұрғындары жеке үй салған кезде де көне қала ғимараттарының кірпіштерін пайдаланған. Ғимараттың негізгі қабырғалары мен оның қандай көлемде болғанын анықтау мүмкін болмады. Себебі былтыр салынған қазба ғимараттың алдыңғы ауласы мен оның үстіне құлаған құландыларды аршумен шектелді. Құлаған кірпіш сынықтарынан түзілген биіктігі 1 метр болатын құландыларды аршу қатты қолбайлау болды. Кесененің құлаған және қаз қалпында сақталған бөлігі 8,5х5,5 метр көлемді алып жатыр. Негізгі құрылыс материалы – ортағасырлық дәстүрлі көлемдегі күйдірілген кірпіштер. Құрылыстың жоғарғы жағы мен есіктің айналасын бетіне кесіп, өрнек салған тақталар құландысы жапсырылған. Өрнектері сегізбұрыш түріндегі мұсылмандық стильдегі және қошқармүйіз иректер түріндегі қазақи өрнектердің комбинациясы. Безендіру тақталарының көлемі бірдей емес, көпшілігі 57х57х8; 50х50х8, 50х51х8 сантиметр өлшемде. Арасында 45х45х8 сантиметр көлемдегі тақталар да кездеседі. Тақталардың бетіне салынған өрнектер әр тақтаның көлемінде шектелмей, көрші тақтадағы өрнектерге ұласып кетеді. Кейбір тақталардың орта тұсында түрлі көлемде салынған көзшелердің орындары қалған. Шамасы көзшелер тақталарға әк сылақтарымен дәнекерленген. Олардың орнында қалған әк сылақтары сақталған. Ал тақталардың шеттері мен есіктің аркаларын безендірген мозайкаларды құрастыруда көк, ақ, сары, жасыл, қалампыр түстес бояулар пайдаланыпты. Төртбұрыш, домалақ, сопақша, ромб тәріздес келген өрнектер әк сылағының бетіне құрастырылған. Арасында араб жазулары стиліндегі өрнектер де жиі кездеседі. Тұтас композициялық көріністі байқау мүмкін емес. Өйткені әк сылақтар ұзақ уақыт бойы ылғал және ыстық ауа мен үстінен әсер еткен қатты қысымның салдарынан бүлінген. Бет жағын безендіруде мозайкадан басқа әртүрлі өлшемдегі және әртүрлі формадағы кафельдер де қолданылған. Ғимараттың ішкі қабырғалары мен арканың беттері әк сылағының бетіне орналастырылған түрлі-түсті және әрқилы пішінді жапсырмалармен қапталған. Құрылысқа арнайы өлшемде және қажетті пішінде әдейілеп жасалған кірпіштер де пайдаланылған. Олардың арасында бетіне кесіп салынған геометриялық нақыштары бар кірпіштер де кездеседі.

Қазба барысында 8 бұрышты құрылыс нысаны толығымен ашылды. Ашылған нысанның сыртқы құрылысы әртүрлі ұзындықтағы 8 қабырға мен 4 мұнарадан тұрады. Сыртқы қабырғалардың ені 1 метр, сақталған биіктіктері 5-60 сантиметр. Шығыс қабырғаның ұзындығы – 6 м, сақталған биіктігі 20-60 сантиметр. Қабырғаның іргетасы өзге қабырғалармен салыстырғанда біршама жақсы күйде. Оңтүстік шығыс қабырғаның ұзындығы 10,8 метр сақталған биіктігі 5-30 сантиметр. Қабырғаның орталық бөлігінде ең төменгі бір қатар кесек қаландысы ғана тұр. Осы қабырғаның сыртына қарай құлаған күйдірілмеген кесектен өрілген қабырғаның 4х1х1 метр көлемдегі құландысы бар. Оңтүстік қабырғаның ұзындығы 9,5 метр, сақталған биіктігі 10-30 сантиметр, қабырғаның ізі толығымен көрініп тұр, батыс шетінде 7 қатарға дейін кесек қаланған. Оңтүстік-батыс қабырғаның ұзындығы 13 метр, сақталған биіктігі 10-30 см қабырға іздері толығымен көрініп тұр, ортасында 2 қатар, батыс бұрышында 7 қатарға дейін кесек қаландысы сақталған. Батыс қабырғаның ұзындығы 4,6 метр, қабырғаның ізі толығымен көрініп тұр, ортасында 2 қатар, екі шетінде 7 қатарға дейін кесек қаландысы сақталған. Батыс, солтүстік-батыс қабырғаның ұзындығы 11,9 метр, қабырғаның оңтүстік шетінде 2 метр ұзындықта 6 қатар кесек қаландысы ғана сақталған, қалған бөлігі толығымен бұзылып кеткен. Солтүстік қабырғаның жалпы ұзындығы – 14,6 метр қабырғаның тең ортасында 2,6 метр келетін қақпасы бар. Қақпадан шығыс қабырғаға дейінгі қабырғаның төменгі бөлігінде 4-8 қатарға дейін кесек қаландысы, қабырғаның қалған бөлігінің кей жерлерінде бір қатар кесектері ғана сақталған.

Құрылыстың барлық сыртқы қабырғаларының ені 1 метр болып келеді және олардың ішкі-сыртқы жиектері күйдірілген бүтін (көлемі 27х27х5) кесектерден өріліп, ортасы кесек сынықтарымен, қою лай араластыра отырып толтырылған.

Жоғарыда аталғандай, құрылыстың төрт бұрышында тұрғызылған дөңгелек мұнаралары бар. Шығыс мұнарасы шығыс және солтүстік шығыс қабырғаларының түйіскен жерінде орналасқан, диаметрі 1,9 метр, биіктігі 10-20 сантиметр. Мұнараның ең төменгі 2-3 қатар кесек қаландысы ғана сақталған. Оңтүстік мұнара оңтүстік қабырғаның бойында, шығыс бұрышынан 3,3 метр аралықта орналасқан, диаметрі – 1,7 метр, биіктігі 40 сантиметр. Мұнараның ең төменгі 6 қатар кесек қаландысы сақталған. Кесектерінің орналасу жағдайына қарағанда сыртына қарай сырғи құлағандығы байқалады. Батыс және оңтүстік батыс қабырғаларының түйіскен жерінде орналасқан, диаметрі 1,6 метр, биіктігі 20 сантиметр, мұнараның ең төменгі 2-3 қатар кесек қаландысы сақталған. Солтүстік мұнара солтүстік батыс және солтүстік қабырғаларының түйіскен жерінде орналасқан, диаметрі 1,8 метр, биіктігі 30 сантиметр. Мұнараның ең төменгі 4 қатар кесек қаландысы сақталған.

Қышқаланың орналасуы мен бұзылу тарихы

Қаланың оңтүстік шығыс жағын Жаңадария өзені шайған, қазіргі күнде де кейбір құрылыстарды шайып жатыр. Солтүстік жағы осы заманғы каналды, арықтарды қазу, егістік алқаптарды тегістеу кезінде бұзылып кеткен. Оның оңтүстік батыс бөлігінде Қоғалыкөл ауылының зираты 4 гектарға жуық жерде жатыр. Зират қоршауының ішінде ыдыс сынықтары, қыш кесектер кездеседі. Қала арқылы әртүрлі бағытта бірнеше жол қаланың құрылыстарын бұзып өткен және осы уақытта да бұзылып жатыр. Қышқаланың бұзылу тарихы бірнеше ғасырларға созылған, шамасы қаланың қамалы, қорғаныс жүйесінің элементтері (цитадель, қақпа, мұнара, ор, т.б.) Жошының шабуылы кезінде бұзылған болса керек. XIV-XX ғасырдың 50-ші жылдарына дейінгі аралықта ортағасырлық қаланың құрылыстары, суландыру жүйелері (канал, арық, құдық, т.б.) табиғи құбылыстардың әсерінен бұзылған.

Қышқала экспедициясы барысында Қоғалыкөл ауылының бірқатар жергілікті тұрғындарымен әңгімелесіп, жалпы құрылыстарының бұзылуына қатысты мәліметтер жиналған жазып алған. Қоғалыкөл ауылының жергілікті тұрғыны, 1943 жылы туған Қамар Рүстемов, осы жерде туып-өскен, еңбек еткен, қазір зейнеткер. Оның айтуына қарағанда, 1958 жылға дейін осы төңіректегі ауылдардың халқы Қышқалаға тиіспеген. Сол кезде қаланың әр жерінде жартылай бұзылған, бұзылып жатқан құрылыстар сақталған. Халық қаланың орнын, бұзылып жатқан құрылыстарды киелі жер ретінде құрметтеген. Қышқаланың құрылыстарын бұзып, олардан қыш кесектерді қазып алу 1958 жылдан басталған. Сол жылы осы төңіректегі шағын бірнеше ауылдарды біріктіріп, Қоғалыкөл ауылы құрылған кезден бастап жергілікті басшылар, ауданнан келген өкілдер жаңадан құрылған ауылдың құрылыстарын (мектеп, кеңсе, қамба, т.б.) және үйлерді салуға Қышқаланы бұзып, одан шыққан қыш кесектерді пайдалануға кеңес берген. Ежелгі қаланы бұзу әсіресе 60-жылдары кең өріс алған. Бұзуға трактор және басқа техникаларды пайдаланған. Сол науқан кезінде қабырғасы қыш кесектен қаланған көптеген құрылыс жермен жексен болып, толық не жартылай бұзылған. Ауылдағы құрылыстардың іргесін, қабырғаларын қалауға негізінде бүтін қыш кесектерді пайдаланған ал сынған кесектер бұзып алған жерде төбе-төбе болып үйіліп қала берген. Әртүрлі көлемдегі шұңқырлар, әртүрлі бағытта қазылған олардың орындары осы күнге дейін сақталған. Қыш кесектерін алу кезінде қаланың оңтүстік бөлігінен бірнеше жерден ою-өрнекті қыш кесектермен әшекейленген құрылыстар кездескен. Олардың қатты бұзылған орындары осы уақытқа дейін сақталған.

Ескі қала орны туралы мәлімет берген келесі азамат – 1943 жылы туған, осы жерде 1950 жылдан бері тұрып келе жатқан Исламбек Әшіров. Оның айтуына қарағанда, Қышқаладағы құрылыстарды бұзып, одан алған қыш кесектерді ауылға арбамен, машина, тракторомен тасып, жаңа құрылыстарды салуға пайдаланған.

Ауыл тұрғындарының айтуына қарағанда кейбір жылдарда Қышқалаға орыс ғалымдары, Байқоңырдан келген әскери адамдар қазба жүргізген, бірақ жергілікті адамдарды қатыстырмаған. Табылған заттарды ешкімге көрсетпей, өздерімен бірге алып кеткен. Қазба жүргізген жерде сынған ыдыс сынықтары, бүтін, сынық күйдірілген кесектер шашылып жатқан. Өткен ғасырдың 80-90-жылдарында Қышқалаға бірнеше рет қазақстандық ғалымдар да келіп, кейбіреулері шағын қазба жұмыстарын жүргізген. Қышқаладан кездейсоқ табылған ыдыстардың сынықтары, бүтін ыдыстар соңғы жылдарға дейін жеке адамдардың үйінде, ауласында сақталған. Бірқатар заттар жергілікті мектептің бір бөлмесінде ұзақ жылдар сақталып, жаңа мектеп салынғаннан кейін олардың қолды болып кеткенін мұғалімдер айтады.

Қышқала туралы аңыз әңгімелер жинау мақсатында Қоғалыкөл ауылының әртүрлі жастағы тұрғындарынан сұрастырдық. Бірақ, олардың барлығы бұл қалаға қатысты қызықты мәлімет беретін қарттардың жоқ екенін айтумен ғана шектелді.

Мадияр ЕЛЕУОВ,
Әл Фараби атындағы
ҚазҰУ профессоры,
тарих ғылымдарының докторы.
Еркебұлан ЕЛЕУОВ,
тарих магистрі.

МЕРЕЙ

Еңбегі еленген азамат

Бақытын еңбектен тауып, адал еңбегімен көпке үлгі болып, елдің сенімінен шығып жүрген азаматтар Сыр елінде аз емес. Еңбекпен есейген сондай жандардың бірі – «ҚызылордаЖобаҚұрылыс» ЖШС директоры Данияр Сұлтанбеков. Өмірінің 40 жылдан астам уақытын құрылыс саласына арнаған ол – Сыр өңірінің мақтанышы. Қызылорданың ажарлы келбетін өрнектеп, сән-салтанатын келістіріп, облыс орталығының өзіне тән сұлулығын айшықтаған құрылысшының табандылығы мен қажыр-қайраты бүгінде баршаға өнеге.

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ.

Данияр Сұлтанбекұлының еңбек жолы 1973 жылы Ауыл шаруашылығы министрлігіне қарасты №38 Жылжымалы механикалық колоннада құрылыс шебері болудан басталды. Тынымсыз еңбекқорлығының арқасында ол мұнда бас инженерлікке дейін көтеріліп, одан кейін Қызылорда үй құрылыс комбинатының цех бастығы болып қызмет атқарды. Қарым-қабілеті мен талғамы жоғары құрылысшы біршама уақыттан соң облыстық атқару комитеті жанынан жаңадан ашылған құрылыс жоба құжаттарын тексеретін мемлекеттік сараптамаға басшылық жасады. Бұдан бөлек, облыстық атқару комитетінің күрделі құрылыс бөлімінде, облыстық әкімдіктің күрделі құрылыс баскармасында бас инженер, басқарма бастығының бірінші орынбасары қызметтерін атқарды. 1997 жылдан бастап облыстық күрделі құрылыс бөлімінің бастығы, мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын директоры лауазымдарында абыройлы еңбек етті. Осылайша, құрылыс саласында едәуір тәжірибе жинақтап, мамандығына деген адалдығынан айнымаған біздің кейіпкеріміз одан әрі өз алдына жоба-сметалық құжаттар жасаумен айналысатын «ҚызылордаЖобаҚұрылыс» ЖШС ашып, басшылық жасайды.

Кәсіпкерлікте аяққа нық тұру оңай шаруа емес. Бәсекелестікке қарсы тұру мен табанды еңбекті талап ететін саланың жауапкершілігі мол. Тоқырау жылдарында елімізде өз жұмысын бастаған барлық мекемелер мен кәсіпкерлердің жұмысы тәуекелге толы болды. Сондай кезеңде кәсіпкерліктің сан саласын мықтап меңгерген Данияр аға өндіріс орнының негізін қалап, талай игілікті істер атқарып, ел сенімінен шыға білді. Жұрт «енді қалай болады, қалай аяққа тұрамыз» деген уақытта ол қаншама адамның жауапкершілігін мойнына алып, өміріндегі бар арманын шындыққа айналдырды.

Облыста Данияр Сұлтанбекұлының қолы тимеген құрылыс нысаны жоқ шығар. Барлығын санамалап көрсету мүмкін емес. Күрделі жөндеуден бастап, құрылыс нысандары жобасы осы кісінің алдынан өтеді. Мәселен, 2010 жылдан бері «ҚызылордаЖобаҚұрылыс» ЖШС-ның тікелей қатысуымен 45 мектепке, 5 балабақшаға, 7 ауруханаға күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілсе, Тасбөгет қыстағы, Амангелді көшесінде бой көтерген көпқабатты тұрғын үйлер, ЦКЗ аумағындағы өнеркәсіп алаңының инженерлік жүйесі, Ақбасты, Бірқазан, Досан, Байқожа, Қосүйеңкі ауылдарындағы мектептер мен екі балабақша және Жалағаш, Арал ауданындағы 150 орындық орталық аурухананың жоба-сметалық құжаттарын да осы аталған мекеме жасады. Сондай-ақ, «Сәулет», «Арай» шағын аудандарындағы және Жаппасбай батыр көшесіндегі көппәтерлі тұрғын үйлер мен 280 орындық балабақшаның жобалық құжаттары да осы мекеменің еншісінде. Қазір Сырдария өзенінің сол жағалауы алып құрылыс алаңына айналғаны белгілі. Бұл аумақтағы көпқабатты тұрғын үйлердің жоба-сметалық құжаттарын жасаған да Данияр аға басқаратын «ҚызылордаЖобаҚұрылыс» мекемесі екенін айтып өткен жөн.

Үлкен ұжымды басқарып, оны берекелі шаңыраққа айналдыру кез келгеннің қолынан келе бермейтін іс. Бұл тұрғыда Данияр Сұлтанбекұлы – әріптестері арасында шоқтығы биік, ұжымын киелі мекен ете білген азамат. Өйткені, оның іскерлігі мен қабілеті, қызметкерлеріне деген адалдығы үнемі игі істерге жетелейтін. Ол әр қызметкеріне өз бауырындай қарап, әрқайсының жеке мәселесін назардан тыс қалдырмайды. Сондықтан болар, әріптестерінің басшыларына деген сыйластығы, құрметі ерекше. Алдына келіп көмек сұраған жандардың бетін қайтарған кезі болған емес. Бұл да болса басшының үлкен азаматтық қасиеті. Әріптесі әрі орынбасары Болат Сандыбаев «Бұл кісінің іскерлігі мен тапқырлығының арқасында мекеме небір ауыртпалықтарды жеңді. Біздің ұжым осы білікті басшымыз арқылы бір отбасыға айналды» десе, кадр бөлімінің басшысы Базаркүл Батырбекова «Данияр Сұлтанбекұлымен әріптес болғанымызға 30 жылдан асты. Жан дүниесі адамгершілікке, мейірбандылыққа толы» дейді.

Мекеменің әрбір қызметкерінің алғысын жеке-жеке жеткізу мүмкін емес. Десе де, Данияр ағамен 30 жылдан астам уақыт қызметтес болған есеп бөлімінің басшысы Ләззат Ахаулова, авторлық қадағалаушы Кенжеғали Қадырқұлов, орынбасары Өмірбек Жарылқасынов, мекеменің жанынан құрылған «Талғат» ЖШС директоры Серік Нұралиев, техникалық бөлімнің басшысы Талғат Асқаровтың басшыларына деген шынайы ықыласы мен құрметі шексіз.

Данияр Сұлтанбекұлы жары Гүлзада екеуі үш ұл тәрбиелеп өсірді. Үлкені Жақсылық – жеке кәсіпкер, көп жылдар ішкі істер департаментінде жауапты қызметтер атқарған. Келіні Нұргүл – «ҚызылордаЖобаҚұрылыс» ЖШС бөлім басшысы. Ортаншы ұлы Аңсат қалалық сотта судья болып қызмет атқарады. Өмірлік жары Гүлмира – мекемеде есепші. Кенже ұлы Талғат – мұнай саласында инженер маман. Жары Салтанат та – мекемеде инженер. Қанатын кеңге жайған отбасы үш ұлдан он бір немере сүйіп отыр. Бүгінде немерелерінің алды Таңшолпан, Аружан мен Асылжан ЖОО-ның студенттері болса, арттарынан ерген Әдемі, Бексұлтан, Бейбарыс, Гүлім, Медина, Бекарыс, Ақарыс – мектеп оқушылары. Ал, кішкентай ғана Жанарыс – балабақша бөбегі.

Өмірі өнегеге толы Данияр Сұлтанбекұлының жетістіктері жетерлік. Ол – «Қазақстанның Құрметті және даңқты құрылысшысы», «Қазақстанның еңбек ардагері», «Қызылорда қаласының құрметті азаматы» және «Облыстың таңдаулы құрылысшысы».

Ашықтық пен қоғамдық бақылау

жемқорлық қатерінің алдын алады

ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі облыс бойынша департаментінің басшысы Ардақ Ерсейітов облыстық медицина орталығында болып, емделушілермен кездесті. Әңгімелесу барысында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдағы басты бағыт сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға арналғанын жеткізді. ҚР Тұңғыш Президентінің 2018 жылғы 5 қазандағы Қазақстан халқына арнаған Жолдауында сыбайлас жемқорлықтан ада өңірлер жобасының тәжірибесін тарату бойынша тапсырма берілген. Соған сәйкес облыс әкімінің қолдауымен «Ақмешіт – адалдық алаңы» жобалық кеңсесі ашылған болатын.

Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ.

Департамент басшысы жобаның миссиясы – сыбайлас жемқорлық қылмыстарының санын төмендету, келеңсіз құбылысқа қарсы иммунитетті арттыру және құқық бұзушылыққа мүлдем төзбеушілік қағидасын қалыптастыру екенін атап өтті. Сонымен бірге жобалық кеңсе сыбайлас жемқорлық жиі кездесетін он саланы айқындап алған. Солардың қатарында денсаулық саласы да бар.

Осы орайда барлық денсаулық сақтау ұйымдарында тұрмыстық сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша шараларды күшейту қажет. А.Ерсейітов бұл ретте науқастарға көрсетілген қызметтер үшін сыйлық алуға, әйелдер босанатын үйде сүйінші, көрімдік алуға тыйым салу қажеттігін баса айтты. Халыққа көрсеткен қызмет үшін алғыс, бата алудан артық мәртебе жоқ.

Кездесуде жалпы тұрмыстық сыбайлас жемқорлықтың алдын алу үшін қолайлы орта, лайықты еңбекақы төлеу, жеке жауапкершілік, ашықтық және қоғамдық бақылау, мемлекеттік сатып алулар, адам құқығының үстемдігі және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру қажеттігі айтылды. Осы ретте жобалық кеңсе тұрмыстық жемқорлықтың алдын алу мақсатында мониторинг, анықтау, талдау жұмыстарын жүргізіп келеді. Мәселен, соңғы үш жылда облыстың денсаулық сақтау саласында 30 қылмыс тіркелген. 29 қылмыс бойынша тергеу жұмыстары аяқталып, мемлекетке 65 млн теңге қайтарылды.

Барлық емханалар мен ауруханаларда науқастар мен келушілерге қолайлы орта қалыптастыру бағытында «Адалдық алаңы» жобалық кеңсесімен бірлескен жұмыстар жүргізіледі. Кездесуге қатысқан емделушілердің медициналық орталықта науқастарға көрсетіліп жатқан көмекке көңілдері толады. Облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Жақсылық Әбдусәметов орталықта емделушілер мен келушілерге қолайлы орта жасалғанын, бұл бағыттағы жұмыс басқа ауруханаларда да жалғасатынын хабарлады.

Мұнан кейінгі кездесу Кәсіпкерлер үйінде жалғасты. Бизнес өкілдерімен жүздесу алдында департамент басшысы Кәсіпкерлер үйіндегі жұмыстармен танысты. Бұл жерде кәсіпкерге өзінің бизнес идеясы мен бастамасын жүзеге асыру үшін барлық жағдай жасалған. Бизнес идеясымен келген адам кеңес алудан бастап, кәсібін тіркеу, бизнес-жоспарын әзірлеу, біліктілігін көтеріп, жобасын қаржыландыру, сүйемелдеу сынды мемлекеттік қолдаудың барлық түрлеріне бір жерден қол жеткізе алады.

Агенттіктің алдына қойып отырған басты міндеттерінің бірі – кәсіпкерлерді, оның ішінде отандық және шетелдік инвесторларды сыбайлас жемқорлық қатерінен барынша қорғау. Өткен жылдың шілде айынан бастап «Протектинг бизнес енд инвестментс» жобалық кеңсесі аясында инвесторларды сыбайлас жемқорлыққа қарсы сүйемелдеу жүзеге асырылуда. Жоба қолайлы инвестициялық ахуалды қалыптастыруға ықпал етіп, бизнес өкілдері мен инвесторлардың мемлекеттің билік институттарына деген сенімін арттырады.

Облыс бойынша инвесторлардың жалпы құны 595,1 млрд теңге құрайтын 19 инвестициялық жобасы сыбайлас жемқорлыққа қарсы сүйемелдеуге алынып отыр. Оның ішінде 8-і шетелдік болса, 11 жоба отандық инвесторларға тиесілі. Жоба аясында барлық бизнес субъектілері үшін арнайы фронт-офис ашылып, онда кәсіпкерлер мен инвесторлардың проблемалары жедел түрде шешілуде. Тек осы жылдың өзінде кәсіпкерлікке кедергі келтіру дерегімен 6 қылмыс анықталып, сотқа жолданды. Департамент басшысы «бұл салада қылмыстық құдалаумен қатар, превенциялық шараларды қатар алып жүретін боламыз» деді.

Кездесуде «CTL-Қазақстан» ЖШС-ның бас директоры Вячеслав Бертян жергілікті мемлекеттік органдар тарапынан инвесторларға жасалып жатқан – индустриялық аймақтан жер бөлу, инфрақұрылымдық желілер тарту, құжаттарды рәсімдеуге көмек көрсету секілді қолдауларға ризашылығын білдірді. Облыстық кәсіпкерлік және туризм басқармасының басшысы Фердоуси Қожабергенов өз кезегінде кәсіпкерлерге қандай қолдаулар мен көмектер көрсетілетіні туралы айтып берді.

LATYN QARPIN ÚIRENEMIZ

Құрметті оқырман!

Облыстық «Сыр бойы» және «Ақмешіт жастары» газеті жалпыхалықтық латын қарпіне үйрету жұмыстарын бастады. Бүгін сабақтың – жетінші күні.

Бұл жоба «Қазақ әліпбиін латын графикасына 2025 жылға дейін кезең-кезеңімен көшіру жөніндегі республикалық іс-шаралар жоспарын» жүзеге асыру мақсатында қолға алынуда.

Ұсынылып отырған әдістемелік құрал латын графикасына негізделген қазақ әліпбиінің әріптерін жазуға үйрену техникасын жетілдіреді. Графикалық тапсырмаларды орындау арқылы тіл үйренуші әріптерді дұрыс жазуды және олардың байланысын ажыратуды меңгереді.

Тапсырмаларды дұрыс орындап, e-mail: tilortalyk_kzl@mail.ru электронды поштасына жолдасаңыз болады.

Aty-jóni:_____

Gg

1. Áripti jazyńyz.

G_____

g_____

2. Sózderdi oqyńyz. Qajetti áripti jazyńyz.

_ıtara, e_in, kere_e, kó_ershin, _úl, jú_irý, kó_erý, se_iz, _alaktıka, _úlnaz, _lobýs, _aýhartas, e_in, lo_ıka, _emo_labın.

3. Sóılemdi kóshirip jazyńyz.

Gena kóktemde egin ekti.

_____

Gulzat gúl terdi.

_____

Muǵalim sabaqty globýspen túsindirdi.

_____

4. Sýretterdi sıpattap, sózben jazyńyz.

5. Sýretti sıpattańyz.



ХАБАРЛАНДЫРУ

«Сырдария-1» кредиттік серіктестігі» ЖШС құрылтайшыларының кезектен тыс жалпы жиналысын 2019 жылдың 09 қыркүйек күні сағат 11.00-де мына мекен-жайда өткізетінін хабарлайды: Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Тереңөзек кенті, Абай Құнанбаев көшесі № 38.

Күн тәртібінде:

1. «Сырдария-1» кредиттік серіктестігі» ЖШС құрылтайшыларының қосымша тізім бойынша өз арыздарына сәйкес үлестерін сату, құрылтайшылар қатарынан шығару және қосымша тізімге сәйкес құрылтайшылар үлесінің бір бөлігін сату, жаңа құрылтайшыларды қосымша тізімге сәйкес қабылдау, жиналыстың қорытындысымен белгіленген Жарғылық капиталын бекіту туралы және осы өзгерістерді серіктестіктің Жарғысына, Құрылтай шартына енгізу, Әділет басқармасына тіркеу;

2. «Сырдария-1» кредиттік серіктестігі» ЖШС құрылтайшыларын одан әрі қаржыландыруға «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-дан жылдық 20 пайызға дейін, 20 сәуір 2046 жылға дейін ашылған несие желісін ұлғайтып, несие желісін бекіту туралы және осы несие желісін кепіл мүлікпен қамтамасыз ету мақсатында «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ алдындағы міндеттемелерді орындауды қамтамасыз етуге кепілге серіктестіктің балансындағы жеңіл автокөліктерді кепілге қоюға және сот рәсімінсіз сату құқығымен келісім беруі туралы және серіктестіктің депозиттік шотындағы ақша қаражатын кепілге қоюға, акцепсіз шығыстан шығару құқығымен келісім беру;

3. «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ арқылы несиелендіруді рәсімдеудің жаңа басылымдағы шарттары мен т.б. ережелерін бекіту;

4. «Сырдария-1» кредиттік серіктестігі» ЖШС балансындағы Лада (приора) автокөлігін «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-дан кепілден босатып, сатуға келісім беру;

5. «Сырдария-1» кредиттік серіктестігі» ЖШС құрылтайшылары арасында несие лимитін бөлу туралы.

Сонымен қатар құрылтайшыларға күн тәртібіне қосатын ұсыныс-пікірлеріңіз бар болса, жиналыс ашылғанға дейін 10 күн ішінде серіктестікке ұсыныларыңызды, жиналысқа міндетті түрде қатысуларыңызды сұраймыз.

«Сырдария-1» кредиттік серіктестігі»
ЖШС әкімшілігі.
(БИН: 040 540 001 348)

«Жас кәсіпкер» жобасы бойынша хабарландыру

Қызылорда облысының кәсіпкерлер палатасы 2019 жылдың 13-14 тамызынан бастап «Жас кәсіпкер» жобасы бойынша тегін оқу курсының 2-кезеңіне қабылдау үшін тестілеу өткізілетінін хабарлайды. Жоба қала/аудан тұрғындарын кәсіпкерлік дағдыларына оқытуға бағытталған. 29 жасқа дейінгі жұмыссыз жастарды, өз бизнесін ашқысы келетін жұмыссыздарды, сондай-ақ бизнесті кеңейтуге мүдделі, жұмыс істейтін кәсіпкерлерді (3 жылға дейінгі) оқуға шақырады.

Жобаға қатысу үшін тестілеуден өту қажет, оның нәтижесі бойынша топқа іріктеу жүргізіледі.

Толық ақпаратты кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы: Қызылорда қ., Желтоқсан көшесі, 12, телефон: 8/7242/400981, 400202 немесе www.atameken.kz.сайтынан алуға болады.

Заң консультанттарының сотта өкілдік етуінің жаңа тәртібі туралы хабарлама

"Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы" Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 5 шілдедегі Заңына (бұдан әрі – заң) сәйкес азаматтық істер бойынша жеке және заңды тұлғалардың мүдделерін білдіру түрінде заң көмегін жүзеге асыратын тұлғалар үшін 2019 жылғы 23 шілдеден бастап заң консультанттар палатасына мүшелік міндетті болып табылады.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі – АПК) 58-бабына сәйкес тапсырма бойынша сотта заң консультанттары палатасының мүшелері болып табылатын адамдар заңға сәйкес сотта өкіл бола алады.

АПК-ның 61-бабының 5-тармағына сәйкес заң консультанты заң консультанттары палатасына мүшелігін растайтын құжатты ұсынады.

Бұл ретте тұлға заң консультанттары палатасы мүшелерінің тізіліміне ол туралы заңда көзделген мәліметтер енгізілген күннен бастап заң консультанттары палатасы мүшесінің барлық құқықтарына ие болады.

Мұндай адамға ол туралы мәліметтер заң кеңесшілері палатасы мүшелерінің тізіліміне енгізілген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде палатаның нақты мүшелігін растайтын құжат беріледі.

Заңның 92-бабына сәйкес палата заң кеңесшілерінің тізілімін электронды форматта жүргізеді және оны өзінің интернет-ресурсында орналастырады.

Заң консультанттар палатасы қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес заң консультанттар палаталары тізіліміне ол туралы мәліметтерді енгізген күннен бастап палата мүшелерінің тізілімін жүргізеді.

Сонымен қатар, заң консультанттар палатасы мүшелерінің тізілімі Әділет министрлігі жүргізетін палаталар тізілімінің құрамдас бөлігі болып табылады.

Заң кеңесшілері палаталарының тізілімі электрондық форматта жүргізіледі және ондағы мәліметтер ашық болып табылады және Министрліктің ресми интернет-ресурсында өзекті жағдайда орналастырылады.

"Өзін-өзі реттеу туралы "Заңға сәйкес өзін-өзі реттейтін ұйым оның барлық мүшелері (қатысушылары) орындауға міндетті ережелер мен стандарттарды әзірлеуге құқылы.

Осылайша, заң консультанттар палатасы тұлғаның палатаға мүшелігін растайтын құжат нысанын (палата мүшелерінің тізілімінен үзінді, куәлік және т.б.) дербес айқындайды.

Жоғарыда көзделгендердің негізінде, заң консультанты жеке және заңды тұлғалардың мүдделерін сотта білдірген кезде заң консультанттары палатасына нақты мүшелігін растайтын құжатты, сондай-ақ Министрлікпен берілген заң консультанттары палаталарының тізілімінен үзінді көшірмені ұсынады.

Бұл ретте Палатаның өкілеттігін Министрліктің интернет-ресурсы арқылы, ал заң консультантының өкілеттігін Палатаның интернет-ресурсы арқылы тексеру қажет.

Қызылорда облысының әділет департаментінің баспасөз қызметі.

Жаңақорған ауданы тұрғындарының назарына!

09.08.2019 жылы Жаңақорған кенті, Екпінді, Қыраш, Қандөз, Түгіскен-1 елді мекендерінде;

10.08.2019 жылы Жайылма, Сунақата, Еңбек елді мекендері ауыз су жүйелерінде жоспарлы жуу-залалсыздандыру жұмыстары жүргізілуіне орай, осы уақытта су құбырынан ауыз су пайдалануға болмайтындығын ескертеміз.

Анықтама тел.: 8(72435) 2-48-42, 2-48-32.

«Арал» СЖКБД филиалының «Жиделі топтық су құбырын пайдаланушы» Жаңақорған өндірістік бөлімшесі.

Анықтама тел.: 8(72435) 73-2-03.

«Арал» СЖКБД филиалының Жаңақорған ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесі.

***

Шиелі ауданы тұрғындарының назарына!

09.08.2019 жылы Жиделі ауыз су таратушы жүйелерінен, Қодаманов, Еңбекші, елді мекендерінде;

10.08.2019 жылы 1 Мамыр, Майлытоғай елді мекендері ауыз су жүйелерінде жоспарлы жуу-залалсыздандыру жұмыстары жүргізілуіне орай, осы уақытта су құбырынан ауыз су пайдалануға болмайтындығын ескертеміз.

Анықтама тел.: 8(72432) 4-13-17.

«Арал» СЖКБД филиалының «Жиделі топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесі.

(БСН 110841003190 Қызылорда облысының әділет департаментінде 2016 жылдың 1 сәуірінде тіркелген)

Кірпіш сатылады

Керамикалық кірпіш сатылады (250х120х88мм).

Мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбітшілік,78Б. Байланыс телефондары: 87013359650, 87770582469, 87772350747.

(6-2)

«Сыр бойы», «Кызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: **70-00-52** телефоны арқылы байланысуға болады.
E-mail: smjarnama@mail.ru

И.Әбдікәрімов атындағы Қызылорда аграрлық-техникалық жоғары колледжінің ұжымы колледж әдіскері Әлия Әлиакбарқызы Нұрпейісоваға әкесі

Әлиакбар Әжітайұлының

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

***

И.Әбдікәрімов атындағы Қызылорда аграрлық-техникалық жоғары колледжінің ұжымы колледж ардагері

Айлауова Гүлсім Аймаханқызының

қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

«Шағын ателье тігін фабрикасына айналдырғым келеді»

– Елімізде жеңіл өнеркәсіптің дамуына үлес қоссақ деймін. Отандық өнімді дамыту үшін көп еңбек қажет. Аймағымызда үш жыл қатарынан кәсіпкерлікті қолдау жылы деп жарияланауы салаға серпін берді. Келешекте кәсібімнің көкжиегін кеңейтсем деген жоспарым бар. «Тоғжан» киімдері елге танылса деймін. Шағын ателье жүздеген адамды жұмыспен қамтыған тігін фабрикасына айналдырғым келеді, – дейді арманы асқақ кәсіпкер.

Тағы бір атап айтарлығы, Тоғжанның екінші тігін цехы Бидайкөл елді мекенінде ашылды. Мұнда 5 адам жұмыс істейді. Бұл ауыл тұрғындарын қатты қуантты. Алға қойған мақсат жолында ерінбей еңбек еткен нәзік жанның алда талай белестерді бағындыратынына еш шүбәміз жоқ.

«Тоғжан» тігін орталығы тұрғындарды жұмыспен қамтып ғана қоймай, кейінгі толқыннан білікті маман дайындауға үлес қосып келеді. Шиелі индустриалды-аграрлы колледжінде тігінші мамандығын оқып жатқан студенттер осы орталықта тәжірибе жинап, кейін жұмысқа тұрып жатыр. Мұнан бөлек, аудандағы тігіншілікке талабы бар «Жұмыспен қамту» орталығына тіркелген жұмыссыз қыз-келіншектерді мемлекеттік тапсырыс аясында арнайы курстан өткізуде.

Жүгі ауыр жеңіл өнеркәсіпті дамытуды мақсат еткен Тоғжанның тізгініндегі тігін ателье материалдық-техникалық базасы жағынан кез келген тапсырысқа сақадай сай. Жаңа үлгідегі тігін машиналары тігіншінің алдында зырылдап жұмыс істеп тұр.

1-бет.

Әрдайым ізденісте жүретін кәсіпкер биылғы жылдың көктемінде Нұр-Сұлтан қаласында ұйымдастырылған «Ұлттық өнім» конкурсына қатысып, есімі «Қазақстандағы ұлттық өнім» кітабына енген. Бұл құрмет кәсіпкерге қанат бітірді. Сөзден гөрі іске бейім Тоғжанның жетістігі бұл ғана емес. Ол – республикалық жеңіл өнеркәсіп ғылыми-зерттеу институты, «Сән әлемі» дизайн және технология институтының ғылыми кеңесінің шешімімен «Тігін өнеркәсібінің профессоры» құрметті ғылыми атағын иеленген санаулы білікті маманның бірі.

Жақында облыс орталығында ұйымдастырылған «Қазақстанның үздік тауары» өңірлік көрме-байқауында «Тоғжан» ателье сінің ұлттық бұйымдары көпшілікті тамсандырды. Ел алғысына бөленген кәсіпкер көрмеден Алғыс хат алып қайтты.

Шиелі ауданы.

«БОЛАШАҚ» УНИВЕРСИТЕТІ

талапкерлерді оқуға шақырады

«БОЛАШАҚ» университеті 2019-2020 оқу жылына күндізгі және қашықтықтан оқыту бөлімдеріне төмендегі бакалавриат мамандықтары бойынша ақылы негізде оқуға түсу үшін талапкерлерден құжаттар қабылдайтынын хабарлайды.

«Болашақ» университеті – мерзімі шектелмеген лицензиясы бар (№0137438 Серия АБ). Мемлекеттік аккредитациялаудан өткен.

БАКАЛАВРИАТ МАМАНДЫҚТАРЫ

6В01 Педагогикалық ғылымдар
01101-Педагогика және психология
01202-Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу
01303- Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі
01404-Бастапқы әскери дайындық
01405-Музыкалық білім
01406-Бейнелеу өнері және сызу
01407-Дене шынықтыру және спорт
01408-Кәсіптік оқыту
01409-Құқық және экономика негіздері
01510-Математика
01511-Информатика
01512-Биология
01513-География
01614-Тарих
01715-Қазақ тілі мен әдебиеті
01716-Шетел тілі: екі шетел тілі
01717-Орыс тілінде оқытпайтын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті
01918-Дефектология

6В02 Өнер және гуманитарлық ғылымдар
02119-Хореография
02120-Дизайн
02321-Аударма ісі

6В03 Әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат
03222-Журналистика
03223-Кітапхана ісі

6В04 Бизнес, басқару және құқық
04124-Экономика
04125-Менеджмент
04126-Есеп және аудит
04127-Қаржы
04128-Мемлекеттік және жергілікті басқару
04129-Бағалау
04230-Құқықтану
04231-Кеден ісі

6В05 Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика
05232-Экология

6В06 Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар
06133-Информатика
06134-Ақпараттық жүйелер
06135-Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету

6В07 Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары
07136-Органикалық заттардың химиялық технологиясы
07237-Мұнай-газ ісі
07238-Жеңіл өнеркәсіп бұйымдарының технологиясы және құрастырылуы
07339-Құрылыс
07540-Стандарттау және сертификаттау (салалары бойынша)

6В11 Қызмет көрсету
11341-Көлікті пайдалану және жүк қозғалысы мен тасымалдауды ұйымдастыру

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНАН КЕЙІНГІ БІЛІМ – МАГИСТРАТУРАДА ДАЯРЛАУ БАҒЫТТАРЫ

7М01 Педагогикалық ғылымдар
7М01101-Педагогика және психология
7М01302-Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі
7М01603- Тарих
7М01704- Қазақ тілі мен әдебиеті

7М04 Бизнес, басқару және құқық
7М04105- Экономика

7М05 Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика
7М05206- Экология

Университетке жалпы орта, техникалық және кәсіптік (бастауыш және орта кәсіптік, орта білімнен кейінгі) және жоғары (жоғары кәсіптік) білімі бар тұлғалар қабылданады.

Техникалық және кәсіптік, орта (колледж) және жоғары білімнен кейінгі білімі бар тұлғаларды жоғары оқу орындарына ақылы негізде қысқартылған мерзім бойынша ұқсас мамандықтарға емтихансыз оқуға қабылдайды. Ұқсас мамандықтар тізбесін білім беру саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

ҚҰЖАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ МЕРЗІМІ:

Бакалавриат бойынша: Күндізгі, қашықтықтан оқыту бөлімдеріне 1 сәуір мен 25 тамыз аралығы.

Құжаттар Ұлттық Бірыңғай тестілеуге 1 сәуір 10 мамыр, қайта тестілеуге 25 шілде мен 3 тамыз аралығында қабылданады.

- педагогикалық мамандықтарға арнаулы емтихан тапсыру үшін өтініштер қабылдау мен емтихан өткізу - 20 маусым мен 14 тамыз аралығында жүзеге асырылады;

- шығармашылық мамандықтарға емтихан тапсыру үшін өтініштер қабылдау 20 маусым мен 7 шілде аралығында қабылданады және шығармашылық емтихан 8-13 шілде аралығында өткізіледі.

ҚАЖЕТТІ ҚҰЖАТТАР:
• жалпы орта, бастауыш кәсіптік немесе орта кәсіптік білімі туралы мемлекеттік үлгідегі (аттестат немесе диплом) құжат (түпнұсқа);
• ҰБТ сертификаты;
• тестілеуден өту үшін ақы төлегені туралы түбіртек (квитанция);
• 3 х 4 көлемдегі алты фотосурет;
• жеке басты куәландыратын фотосуреті бар құжат көшірме;
• 086-У, 063 үлгісіндегі медициналық анықтама;
• мекен-жай анықтамасы.

Қабылдау комиссиясының мекен-жайы: 120000, Қызылорда қаласы, Абай даңғылы 31А, Сол жақ жағалаудағы «Болашақ» университеті студенттер қалашығының жаңа кампусы. Тел.: 20-22-72, 23-40-93, 20-22-76, 23-45-15.

http://www.bolashak-edu.kz, E-mail: bolashak_5@mail.ru

Маршруттар: 3, 10, 11,12, 15, 17, 29, 33, 24, 20

Аялдама: «БОЛАШАҚ» университеті.

МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

Батутта секірген бала мәз

Жаз – балалардың алаңсыз асыр салып ойнайтын, демалатын мезгілі. Жазды жақсы көрмейтін бала жоқ шығар, сірә?! Мәдени демалыс орындарының сәні кіретін кез де осы шақ. Күн ұясына батар тұста аттракциондар іске қосылып, айнала балалардың шат күлкісімен көмкеріліп жатады.

Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА.



Демалыс орындарындағы балалар үшін көңілді аттракциондардың бірі – батут. Асыр салып алаңсыз секіріп ойнайтын батуттарға қатысты еліміздің әр аймағында соңғы кезде орын алып жатқан қайғылы оқиғалар кім-кімді де ойландырғаны сөзсіз. Бұрынғыны айтпағанда, биылғы жаз шыққалы Қарағанды қаласындағы оқиғаны көпшілік әлі ұмыта қойған жоқ. Баласын ойнатуға әкелген ана батуттан ажалы болар деп ойламаған шығар?! Бұл – бір ғана мысал. Бұған дейін де батутты жел ұшырып әкеткенін, енді бірде бір сәтте желі шығып, жиналып қалған оқиғаларды да естіп жүрміз. Қоғам назарын аударған Қарағандыдағы оқиғадан соң құзырлы орындар батуттардың стандартқа сай болуын, қауіпсіздік талаптары сақталуы қажеттігін жиі айтты.

Біз де қаламыздағы батуттардың жай-күйін білмек мақсатта мәдени-демалыс орындарды аралап көрдік. «Шұғыла» шағын ауданында демалыс орнындағы екі бірдей батут балалардан бір сәтке босар емес. Алаңсыз асыр салып секірген балалар үшін қауіпсіздік мәселесі ойға кіріп-шықпайтыны белгілі. Демалыс орнының ұйымдастырушысы Жанна Қадырова жақында ғана тиісті мекеме өкілдерінен құралған комиссия қауіпсіздік шараларын сақтауда түсіндірме жұмыстарын жүргізгенін айтты.

– Қауіпсіздік талаптарын сақтау біз үшін басты орында. Мәселен, батуттарды бекітетін қадалардың ұзындығы 40 см болу керек болса, біз 80 см қада қақтық. Күн сайын ауа райына қараймыз. Жел күндері батутты іске қоспаймыз. Негізі қауіпсіздік талаптарын сақтау жөніндегі стандарт әр аймақтың ауа-райы ескеріліп жасалуы тиіс деп ойлаймын, – дейді ол.

Қалалық мәдени-демалыс орнында батут әр қадам сайын орналасқан. Кәсіпкер, «Multi Centre» ЖК иесі Николай Поноедов бүлдіршіндер үшін үш батут қойыпты. Оның балалар қауіпсіздігіне ерекше мән беретіндігін тап-тұйнақтай құжаттарынан байқадық. Батуттың қандай материалдан жасалғанынан бастап, қалай орналасу керектігіне дейін егжей-тегжейлі жазылған.

– Қолымдағы құжат – «Еуразиялық экономикалық одақтың» аттракциондар қауіпсіздігін сақтауға арналған регламенті. Мұның ішінде қауіпсіздік шарттары да жазылған. Меніңше, орын алып жататын оқыс оқиғалар оның дұрыс бекітілмеуінен. Зауыттан шыққанда батутты бірнеше жерден бекіту қажеттігі көрсетілген. Алайда ол аздық етеді. Өзім қосымша бекіту белдіктерін жасаттырдым. Себебі, балалар қауіпсіздігіне алаңдаймын, – дейді кәсіпкер. Сондай-ақ, батутқа қатысты жалпы жұртшылық ескеруі тиіс ережелерді ел назарына ұсынып, іліп қойыпты. Мұнда батут айналасында шылым шегуге болмайтындығы және басқа қауіпсіздік талаптары жазылған.

Қай кезде де балалардың алаңсыз демалысына үлкендер жауапты. Бұл орайда жергілікті кәсіпкерлердің өз ісіне жауапкершілік танытуы бізді қуантты. Батутта асыр салған бала мәз.

Меншік иесі
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған.
Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды.
Жариялымдар газеттің
түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
“АҚ” - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі № 12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып,
“Сыр медиа” ЖШС өз баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша
8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 “А”. | **e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz** | **Таралымы 29391** | **Тапсырыс №1227** | Кезекші редактор **Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА.**